

ГҮЛДАРХАН СМАҒҰЛОВА

СӨЗДІК

МАҒЫНАЛАС ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

АЛМАТЫ
2010

УДК 81,2 Қаз-3 я 2
ББК 80/81 (038)
С 52

Смағұлова Г.

С 52 Мағыналас фразеологизмдер сөздігі /Гүлдархан Смағұлова.

- Алматы: «Елтаным баспасы», 2010 жыл. – 252 бет.

ISBN 978-601-06-0893-1

Қазақ тілінің мағыналас фразеологиялық сөздігі толықтырылып екінші басылымы рет басылып отыр. Сөздікте оқушы үшін тұрақты тіркестер алдымен жалпы ұғым бойынша алынған жеке сөзден фразеологиялық мағынаға қарай бағытталған мағыналас /синоним/ тіркестер қатар түзеді. Олар фразасемантикалық топ ретінде он төрт тақырыпқа бөлініп, жалпы ұғымның түрлі түсініктері нақтыланатын үш мыңнан астам фразеологизмдер қамтылған.

Сөздік жоғары оқу орындарындағы оқытушыларға, студенттерге, аспиранттар мен тіл, әдебиет пәндерінің мғалімдеріне, бұқаралық ақпарат құралдарындағы журналистерге және тіл өнерін қастерлеген жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 81,2 Қаз-3 я 2
ББК 80/81 (038)

© Смағұлова Г.Н., 2002
© «Сөздік-Словарь»,
© Смағұлова Г.Н., 2010

2002 ISBN 978-601-06-0893-1

Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы

Қазақ тілінің мағыналас фразеологиялық сөздігі алғаш рет құрастырылып отыр. Сөздікте оқушы үшін тұрақты тіркестер алдымен жалпы ұғым бойынша алынған жеке сөзден фразеологиялық мағынаға қарай бағытталған мағыналас /синоним/ тіркестер қатар түзеді. Олар фразе-семантикалық топ ретінде он төрт тақырыпқа бөлініп, жалпы ұғымның түрлі түсініктері нақтыланатын үш мыңнан астам фразеологизмдер қамтылған.

Сөздік жоғары оқу орындарындағы оқытушыларға, студенттерге, аспиранттар мен тіл, әдебиет пәндерінің мғалімдеріне, бұқаралық ақпарат құралдарындағы журналистерге және тіл өнерін қастерлеген жалпы оқырман қауымға арналған.

ТҮСІНІКТЕМЕ

Бұл сөздіктің басты ерекшелігі қазақ фразеологиздерінің тек мағыналас /синоним/ топтары ғана қамтылған. Жалпы саны 3 жарым мыңға жуық. Мағыналас фразеологизмдердің тілдік ерекшеліктері бұрын жан-жақты сөз етілмегендіктен сөздіктің басты ерекшеліктері туралы айта кеткен орынды

Кез келген ұлт тілінде өз тұрмыс - тіршілігі мен салт дәстүрі, ұлттық менталитетіне сай ертеден қалыптасқан, қолданыста жүрген тұрақты тіркестері бар. Тіл білімінде оларды фразеологизмдер деп атайды. Қазақ фразеологизмдері алғаш рет жинақталып, акад. І.Кеңесбаевтың авторлығымен “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі” /1977/ басылып шықты. Ширек ғасырдан бері фразеологияға қатысты таза қазақ тілінде басқа сөздіктер болмады. Құрастырылып отырған “Мағыналас фразеологизмдер сөздігі” шын мәнінде екінші фразеологиялық сөздік.

Қазақ халқы өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт менталдығы ретінде көрсетуі, қала берді табиғат аясындағы көшпелі өмір салты - “ішімдегінің бәрі – тілімде, тілімдегінің бәрі – түрімде” дегеніндей, қазақ ұлтының психологиялық терең болмысын байқатады. Осыған орай, қазақ фразеологиясының мағыналас топтары тілдегі адамдық фактор тұрғысынан жалпы ұғымдық қатыста түсіндірілетін фразеологиялық топтарға бөлініп, олар он төрт тақырыпты қамтиды. Бұл ретте мағыналас қатарлар алдымен жалпы фразеологиялық семантикаға негізделі отырып, жалпыдан жалқыға сияқты иерархиялық принциппен жүйеленеді. Тұрақты тіркестердің семантикалық нәтижесі – фразеологиялық мағына. Адамдар сөйлеу қажеттілігін өтеу кезінде фразеологизмдерді алдымен айтайын деген ұғымның мағынасына қарай таңдайды. Сондықтан мағыналас фразеологизмдердің қатар басы фразеологиялық мағынаға бағыт беретін тірек сөз /доминант/ - лексикалық мағынадан басталуы керек. Яғни мағыналас фразеологизмдердің доминанты ретінде қатар басында жалпы тірек ұғымға негізделген лексикалық мағына – бір сөз тұрады. Мысалы,

қ а т е л е с у ұғымына қатысты мынадай мағыналас тіркестер қатар төзеді : *аяғын шалыс басу- жаза басу – ағат кету - от басу;*

ш ы д а м а у: *жүрегі алып ұшу - жаны жай таппау - қарар қылмау - тағат таппау – төзімі жетпеу - шыдап отыра алмау.*

Оқушы /айтушы/ үшін қажет жағдайда фразеологиялық мағынаны білдіретін тіркестердің лексикалық ұғымы бірінші кезекте

тұратыны ескерілді. Әрі фразеологиялық мағынаны білмейтіндер үшін жалпы ұғымдық қатыста топтастырылған мағыналар тобын құрап тұрған тірек ұғым – лексикалық мағынада екендігі көрсетілді.

Мағыналас қатарға біріктірілген фразеологизмдер тек **жалпы ұғымды** беруі шарт. Мағыналас фразеологизмдерді лексикалық синонимдер сияқты тек белгілі бір сөз табына жатады деп жіктеуге келмейді. Мағыналас фразеологизмдер ұғым мен түсінік ыңғайында қарастырылып, онда да жалпы бір семантикалық өрістегі тұрақты тіркестер деп танылады. Барлығын бір сөз табының аясына күштеп енгізудің қажеті жоқ. Сол себепті мағыналас фразеологизмдер қатарына жалпы ұғымды нақтылайтын әр сөз табынан ұшыраса беретін және құрылым құрылысы әр түрлі болып келетін фразеологиялық тіркестер енеді. Мұнда ұғымның жан-жақты берілу формалары басты мәселе боп саналады.

Мысалы, *ұялу – бетінен оты шығу - өлмегенге қара жер - өлген жері осы – кір келтіру – беті күйеу – жер шұқу – көзі шыдамау - құлағының ұшына дейін қызару т.б.* ұғымды әр индивидтің жеке түсінігі нақтылап тұратын осындай жалпы семантикалық бірлікке назар аударылды. **Демек мағыналас қатарда тұрған фразеологиялық тіркестерде жалпы ұғым, түсінік басты ерекшелік, белгі болып қалады.** Бейнелі түрде айтсақ, түрлі “образдар галереясын” жасайтын мағыналас фразеологизмдер түрлік сипатпен емес, ұғымдық сипатпен түзілуі лексикалық синонимдерден ажырататын басты қасиеттердің бірі болмақ.

Ұғым мен түсінік - ойлаудың негізгі формалары. Ал оның тілдегі көрінісі сөз арқылы жүзеге асырылады. Ойлаудың түрлері, құбылыстары сөз арқылы танылады. Сонда ұғымға жалпылық тән болса, түсінікке нақтылық тән. Мағыналас фразеологизмдерді топтастырғанда олар мағыналас болу үшін ұғым мен түсініктің айналасынан табылуы басты қағида ретінде танылады. Бұл ретте мағыналар арасында **квазисинонимдердің** басым болуы заңды нәрсе. Квазисинонимдерге мағынасы тепе-тең сөздер емес, мағынасы жақын, мәндес сөздер жатады. Олай болса, мағыналас фразеологизмдер қатарындағы тіркестердің үлес салмағы квазисинонимдерге байланысты. Мағыналас фразеологизмдер қатары семантикалық белгімен топтастырылған фраза-семантикалық топ болғандықтан, әрі контексте тіркестер тобын әр кез бірінің орнына бірін алмастырып

қолдана беру мүмкіндігі болмаған жағдайда квазисинонимдер қатары көбейе береді. Сөздікте берілген мағыналас фразеологизмдер қатары квазисинонимдерден тұрады. Мағыналары тепе-тең абсолют синоним тіркестер де ұшырасады. Мысалы: **тез, шапшаң** – *көзді ашып жұмғанша - кірпік //қабاق қаққанша – демнің арасында - қас пен көздің арасында т.б.* **Ұйықтамау** – *таңды көзбен атқызу – таңда таңға ұру – кірпік қақпау – көзі ілінбеу т.б.*

Мағыналас фразеологизмдер қатарындағы тіркестер өз ішінде бір-бірінен мағыналық реңктер арқылы ажыратылады.

Мысалы, **ұйықтау - көз ілндіру, мызғып алу, көз шырымын алу** – *аз ұйықтау, тұяқ серіппей ұйықтау - қатты ұйықтау* сияқты ұғымды береді.

Лексикалық синонимдерде қатар басында әдетте тірек сөз – доминант ретінде мағыналық ой басым түскен сөздер тұрады. Мысалы, **реңжу** - *қамығу, налу, торығу, қынжылу, жабығу, өкпелеу т.б.* Бұл сөз мағыналас фразеологизмдерге де тірек сөз бола алады: *мойнына су кету – жүні жығылу – жүзі сынық – көңілі құлазу – жаны кею. т.б.* Алайда мағыналық ой басым түскен сөздер үнемі фразеологизмдерге тірек сөздің қызметін атқара бермейді. Кей жағдайда мағыналас фразеологизмдердің бір тұрақты тіркесі ұйытқы мағынаны ұстап, мағыналас қатарды “басқару” қабілетіне ие болады. Мысалы: **жолы болмау** – *бағы жанбау – сормаңдай болу – аяғы аспаннан келу – тұмсығы тасқа тию. т.б.* Мұнда аталған тіркестердің барлығына бірдей мағына ортақтығын танытып тұрған ұғым, түсінік осы –“жолы болмау” тіркесі. “Сормаңдай болу” немесе “аяғы аспаннан келу” тағы басқа тіркес түрлерін қатар басына емін еркін доминант етуге болмайды. Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің мұндай ерекшеліктерін кейде жеке сөзбен бере алмайтын ұғымды осындай тіркестер көмегімен сипаттап жеткізу тәсілі тек фразеологизмдердің ғана үлесіне тән екендігін айта кету керек. Мәселен, **сәті түсу** – *абырой болғанда – іздегенге сұраған - құланның қасынуына мылтықтың басылуы т.б.* Сондай-ақ “күн бермеу”, көңілі қайту”, “басы қату”, «қызмет қылу» сияқты жалпы ұғым, түсінікке негізделген басқа да

тіркестер тобы үнемі тірек ұғымның рөлін атқарады. Оларды тірек сөз, дұрысы **тірек тіркестер** деуге болады.

Айтылар ойдың әсерлілігі, мазмұн тереңдігі сол көрініс, құбылыстың суреттілігіне, яғни образдылығына тығыз байланысты. Адамдардағы түрлі эмоцияны, сезімдік қатыстарды айтушының зат, құбылыс туралы жеке көзқарасы, бағалауы сияқты жекелік, өзіндік пікірлерін тілдегі кез келген экспрессивті сөздер атқарады. Қазақ тілінің лексикалық қорында экспрессивті құралдардың қызметі айырықша. Мұндай экспрессивтік әсер көбінесе эмоционалдық бағалаудан тұрады. Фразеологизмдер табиғаты бағалау, сипаттау десек, онда экспрессияның орны, әсіресе мағыналас фразеологизмдерді жасауда тым жоғары. Кейде эмоцияның сан қырлы спектрлерін лексикалық синонимдер тап баса алмағанда айтушы, әрине, бейнелі сөздердің тіркесіне ұмтылады. Әдетте экспрессивті сөздердің семантикасын сөздіктерде түгелдей ашып көрсету қиын. Шын мәнінде адамдардың көңіл-күйін, эмоциясын, сезімдік қатыстарын жеке сөзбен өлшеп, пішу мүмкін емес. Әрбір жеке адамның өзіндік қабылдауынан туатын сезімдік “дүние суреті” әсерінің көрінісі лексикаға қарағанда, фразеологизмдердегі эмоция мен экспрессияда анағұрлым көбірек қамтылады. Бұл ұғымдық қатыста ғана шоғырланатын тіркестер қатарында мағыналас фразеологизмдердің мағыналық, стильдік реңктерінен толық байқалады. Мағыналас фразеологизмдердің әрқайсысын эмоционалды-экспрессивті белгілермен көрсетудің өзіндік ерекшеліктері бар. Сөздікте барлық мағыналас қатарлардың семантикалық топтары түгелге жуық Адам, оның іс-әрекеті, физиологиялық қалпы мен жағдайы, түрлі сезімдерге қатысты психикалық процестерінен туатын ұнамды, ұнамсыз эмоция түрлеріне негізделген. Демек нақты сезім түрлерін белгілеуде эмоцияны саралайтын экспрессиялық белгілер мағыналас фразеологизмдердің қатарларынан-ақ мен мұндалап тұрады. Себебі тірек сөз, тірек ұғымның өзінен кейде эмоционалдық мазмұнын байқауға болады. Мысалы, **зорлықшыл адам** –эмоционалдық бағалау контексі: ұнатпау, жақтырмау - *азуы алты қарыс – ызасы //қорлығы өту – тырнағы /н/*

бату //батыру т.б. Сол сияқты, **бақытсыз, сорлы** – эмоционалдык бағалау контексі: *мүсіркеу- аяу – маңдайының соры бес елі – соры қайнау – соры арылмау т.б.*

Сөздіктегі лексикографиялық түсініктемелерде /аннотацияларда/ мұндай тірек сөз, тірек тіркестен басқа да мағыналас қатарлар құрамында кездесетін ерекше экспрессиялы тіркестердің мағыналық, стильдік реңктері мүмкіндікке қарай курсивпен белгіленіп отырды. Мысалы, *дөрекі, сыпайы /эвфемизм/, мысқыл, кекесін, жақтырмау, ұнатпау, елемеу, менсінбеу, кемсіту, жек көру, поэтикалық /көтеріңкі/ қарғыс т.б.*

Ал фразеологизмдердегі стильдік белгілер негізінен теориялық әрі практикалық мақсатта күні бүгінге дейін толық сараланбаған. Әр фразеологизм тұсына стильдік таңбаларды дұрыс қою оңай шаруа емес. Қазақ фразеологизмдерінің дені ауызекі және қарапайым сөйлеу стиліндегі тіркестер болып қалыптасқан. Көбінесе ауызекі сөйлеу стиліндегі фразеологизмдер деп бөле-жара айтатындықтан қарапайым стильдегі фразеологизмдер арнайы айтылмай, талданбай келеді. Оның себебі екі стильге тән фразеологизмдердің арасын межелеудің қиындығы. Сонымен қатар, бейтарап немесе жалпы қолданыстағы /қарға адым жер, қас қаққанша, көзі іліну т.б./ және кітаби стильдегі /талан таражға салу, мәңгілік ұйқыға кету, қаламы желді, өмірге жолдама т.б./ фразеологизмдер қабаттары бар. Сөздікте *көне, діни және кітаби* деген ескертпемен белгіленген тіркестер кездеседі. Мағыналас фразеологизмдер қатарын талдау барысында біз осы стильдер қатарына дөрекі мәнде айтылатын тіркестерді бөліп көрсетуге тырыстық. Әрі стиль қабаттарының дәрежелену үлгісінің бірі ретінде қалыптастырғанды жөн көрдік.

Мағыналас қатар құрамындағы кейбір тіркестерде көп мағыналы фразеологизмдер де ұшырасады. Мысалы, *жүзіктің көзінен өткендей*: 1.қу, жылпос адам. 2.пысық. 3.мүсінді адамның сипатын береді. Немесе *сіркесі су көтермеу*: 1.ренжу. 2.ауырып қалу. *Есі кету*: 1.қуаныштан. 2.қайғыдан. Мұндай көп мағыналы фразеологизмдер

сөздікте әр түрлі мағынадағы қатар құрамында қайталанып отыратындықтан олардың тұсына * /астерикс/ белгісі қойылды.

Фразеологизмдердің қолданыс аясында олардың мағыналасығы мен варианттылығы әрдайым қатар жүреді. Сөздікте мүмкіндікке қарай кей тұста мағыналастардың жиі қолданылатын вариант үлгілері // белгісімен қатар беріліп отырды. Мысалы, **қ а й ғ ы р у** ұғымында жүрегі //кеудесі // көкірегі// қарс айырылу; қабырғасы қайысу// қақырау // сөгілу сияқты лексикалық және морфологиялық варианттары көрсетілді.

Етістікпен аяқталатын тұрақты тіркестердің грамматикалық сипаты сөздікте “у” формасымен берілді. Есімше мен көсемше түрінде келетін біраз фразеологизмдер шынында сырт тұлғасы етістік болғанымен, мағынасы, синтаксистік қызметі жағынан шартты түрде басқа сөз таптарына жуықтайтындары бар. Кейбір есімше тұлғалы *бармағынан бал тамған, көпті көрген, ағаш ерге жіп ұйысқан* /жоқтық/, *жұмыртқадан жүн қырыққан, ас ішіп аяқ босатар*, сол сияқты көсемшелі *ішпей-жемей, көзін ала бере, өзім өз болғалы*; т.б. сындық сипаттағы түрлері ғана сол формаларда сақталып жазылды. “...Фразалық тұтастықтың заңы бұзылатын” /І.Кеңесбаев/ дәстүрге қарамастан, етістікті фразеологизмдердің парадигмалық түрленулерінің ерекшеліктері ескерілді. Сөйтіп жақ, шақ көрсеткіштері мен рай, етіс категорияларын қабылдайтын етістікті фразеологизмдер бұған дейін қалыптасқан заңдылықты бұзып, лексикографияның талаптарына сай жазылды.

Сөздікке енген мағыналас тіркестер - “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен”, “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен” /1-10 том/, көркем шығармалардан, сондай-ақ күнделікті бұқаралық ақпарат құралдары мен ауызекі сөйлеу тілінен жиналған тілдік, фразеологиялық материалдар.

Қазақ тілі ұлт болмысының өзіндік ерекшеліктерін танытатын бейнелі тіркестерге өте бай. Ұлттың менталдық өрісінің ауқымы мен көркемдік ойлау қабаттарын және қазақ тілінің есепсіз тіл қуатының молдығын білу үшін ұлт тіліндегі фразеологизмдерге жүгінген жөн. Халықпен бірге жасап келе жатқан эмоциялық мазмұны жоғары

образды тіркестердің өміршеңдігін оның қолданысынан байқауға болады.

Қазіргі жазба әдеби тілдің қатталған беттерінде қалып бара жатқан фразеологизмдерді бүгінгі ұрпақ тілінен жиі ұшырату қиын. Қазіргі қазақ ұлтының /жастарының/ ойы терең болғанымен тілі жұтаң. Ал жастар тілі мүлде қасаң тартып, қысқа қайырылатын сөздер мен тіркестерге ауысуда. Өмір ағыны дәуір екпінінің әсерінен асығыс, қысқа да нұсқа сөйлейтін ұрпақ тілінде мәнерлілік азайып келеді. “Сөзі мірдің оғындай”, “тілінің майын тамызып”, “өткір тілді” шешен сөйлейтіндер бұрынғының қазағы болып елестейтіндей. Алайда жас буын уақыт өте келе қалай дегенмен де ана тілінің мәйегін іздейтіні хақ. Рухани құндылық - қашан да сол ұлттың төлқұжаты. Олай болса, осы сөздік көп құндылықтардың бірі ретінде туған тіліміздің бір мұқтажын өтейді деген игі тілектен ұсынылып отыр.

1.Адамдардың жағымды, жағымсыз қимыл әрекеттері

1.ТӘУЕЛДІ - /біреуге тәуелді болу, біреуді тәуелді ету/

- Азат басы құл болу
- Айдауына жүру
- Айтқанына көніп, айдауына жүру
- Айтқанын істеп, айдағанына жүру
- Айтақтағанына жүру
- Алдында құрдай жорғалау*/жағымпаз/
Алып кел, шауып кел /жұмсау/
- Басы байлаулы
- Басын байлау (тәуелді ету)
- Есігінде жүру

- Көзін жылтырату /зорлық/
- Көзі жылтырау
- Көк желкесіне міну
- Көн тулақ
- Көрінгеннің қобызына билеу* (*әркімге бір жалатақтау*)
 - Күні үшін күлін жеу
- 1* Қанжығада жүру
- 2* Қазанын асып, отын жағып отыру
- 3* Қол астында жүру
- 4* Қол шоқпар болу* (*сойылын соғу*)
- 5* Қолына /қолға /қарау
- 6* Құлдық ұру
- 7* Құлдыққа салу //түсу
- 8* Құрығына түсу //іліну
- 9* Мойнына құрық түсу
 - Мойнына міну
- Мұрнын тескен тайлақтай // өгіздей
- Ноқта салу
- Отымен кіріп, күлімен шығу*(қиындық көру)
 - Сүліктей сору
- 1* Тұзаққа түсу
- 2* Шылауында болу //кету, //жүру
- 3* Ыңғайына көну
- 4* Ығынан шыға алмау
- 5* Ырқында жүру

2.ЗОРЛЫҚШЫЛ АДАМ /туралы/ –

- 6* Азуы алты қарыс
- 7* Қамшысынан қан сорғалаған
- 8* Қанды балақ
- 9* Қызыл көз пәле

3.ҚИЫНДЫҚ КӨРУ / ҚИЫН КЕЗ/–

- 10* Азап астында
- 11* Ақ табан шұбырынды, алқакөл сұлама /*тарихи*/
- 12* Ат басына күн туу

- 13* Ащы- тұщының дәмін тату
 14* Балапан басына, тұрымтай тұсына
 15* Басына зобалаң туу
 16* Басына іс түсу
 17* Дүние астан-кестен болу
 18* Дүние азабын көру
 19* Дүние төңкерілу
 20* Ер етігімен су кешу
 21* Жалаң аяқ жар кешу, қызыл аяқ қар кешу
 22* Жаны алқымға келу
 23* Жан /жау/ алқымнан алу
 24* Жастанғаны жапырақ, төсеніші топырақ /жаугершілік заман/
 25* Жау жағадан алу
 26* Жегені желім, ішкені ірің
 27* Ит өмір
 28* Кеудесімен құм сызу
 29* Көзінің жасы кеппеу
 30* Көрген күнін итке берсін //бермесін
 31* Көрмегені жоқ
 32* Күні бір уыс болу
 33* Күні қараң
 34* Қара аспан тақау
 35* Қара аспан төңкеріліп түскендей
 36* Қара күн туу
 37* Қардан кебіс, мұздан құрсау кию
 38* Қилы кезең
 39* Қилы-қилы заман болды / қарағай басын шортан шалды/
 40* Қиын қыстау кезең //шақ
 41* Қиын қыстау күн кешу
 42* Қолымен күл //от// көсеу
 43* Қырық күн қырғын, мың күн сүргін
 44* Қысылтаяң уақыт
 45* Қысым көру
 46* Маңдайы күнге күйю
 47* Маңдайы тасқа тию
 48* Мұз арқалап, күл төгу
 49* От кешіп, мұз төсену
 50* Отқа да, суға да түсу
 51* Отымен кіріп, күлімен шығу (тәуелді болу)
 52* Өзегі өртену

- 53* Өкшеге батқан шөңге
- 54* Өмір өткелінен өту
- 55* Өмірі өту
- 56* Өмірдің ащы-тұщысын көру
- 57* Өмірден //тұрмыстан// соққы көру
- 58* Өмірден тепкі жеу
- 59* Сормандай болу
- 60* Сұр кезең
- 61* Сын сағат /*тарихи*/
- 62* Тісті тіске қою
- 63* Таңы атып күні шықпау
- 64* Тақияда тамтығы қалмау
- 65* Тақсыретін тарту
- 66* Тақым бұрау, тар қыспақ көру
- 67* Таңы атып күні шықпау
- 68* Тар жол тайғақ кешу
- 69* Тар заман
- 70* Тауда жүріп, таста өсу
- 71* Тауқыметі өту
- 72* Тауқыметі мойнында
- 73* Тауқыметін арқалау
- 74* Тепкіні көру
- 75* Тісті /тісін/ тіске қою
- 76* Толарсақтан су //саз// кешу
- 77* Шаруасы күйзелу
- 78* Шымбайына бату
- 79* Ыстық- суықты көру

4. ЖОЛЫ БОЛУ-

- 80* Айдарынан жел есу
- 81* Асығы алшысынан түсу
- 82* Аузының салуы //салымы// бар
- 83* Бағы ашылу //жану
- 84* Бағы бар
- 85* Басына(н) күн, аяғына(н) ай туу
- 86* Жұлдызы жоғары
- 87* Жұлдызы оңынан туу
- 88* Қайығы желге өрлеу
- 89* Құйысқаны көтерілу

- 90* Маңдайының ырысы бес елі
- 91* Нұр жауу
- 92* Оңынан ай, солынан күн туу
- 93* Орайы келу
- 94* Самалы оңынан туу
- 95* Сәті түсу
- 96* Тасы өрге домалау

5. ЖОЛЫ БОЛМАУ –

- 97* Аяғы аспаннан келу
- 98* Бағы жанбау
- 99* Басынан бағы таю
- 100* Дәулеті шайқалу* (*кедейлену*)
- 101* Жолы байлану
- 102* Жұлдызы ұшу
- 103* Жығасы қисаю //түсу// жығылу
- 104* Күйі таю
- 105* Қара басу
- 106* Орға құлау
- 107* Сор маңдай болу
- 108* Сорлы бас
- 109* Тұмсығы тасқа тию
- 110* Теріс бата алу
- 111* Теріске тарту
- 112* Тұмсығы тасқа тию
- 113* Шаруасы солға айналу
- 114* Ілгері басқан аяғы кейін кету
- 115* Ісі оңғарылмау
- 116* Ісі өрге баспау

6. ЖАМАНДЫҚ ЖАСАУ/КӨРУ/–

- 117* Ағаш атқа мінгізу /сөзге қалдыру/
- 118* Басын базарға салу
- 119* Бәле қуу
- 120* Бәле салу
- 121* Бәле тілеу
- 122* Бір басқаны күкірт, бір басқаны тотияйын (*пәле қуған*)

- 123* Жаманшылық куу //іздеу
 124* Жарға құлату //ұрындыру//, //жығу//, соғу
 1* Жасырын жебе ату (*білдірмей өш алу*)
 2* Жолдан тайдыру
 3* Тырнақ астынан кір іздеу

7. АРАЗДАСТЫРУ –

- 4* Айдап салу
 5* Араға сына қағу
 6* Араға шайтан кіру
 7* Араларын суыту
 8* Арасына от салу
 9* Арасына тікен болу //тастау
 10* Екі ортаға жік салу
 11* Іріткі салу
 12* Іргесін ашу

8. ҚАТЕЛЕСУ –

- 13* Ағат кету
 14* Аяғын шалыс басу
 15* Жаза басу
 16* От басу

9. ҚАУІП ТӨНУ–

- 17* Жаны қысылу
 18* Қауіп-қатер төну
 19* Тықыр таяну

10. СОҒЫНАН ҚАЛМАУ / *айналдыру*/

- *Басын* айналдыру
 - Қыр соңынан қалмау
 - Майлы ішектей айналдыру
- 20* Майлы қасықтай жылпылдау*(*жағымпыздану*)
 21* Іші баурына //кіру// кіріп, қалмау

11. КЕДЕРГІ БОЛУ / КЕДЕРГІ ЖАСАУ

- 22* Ауыздан (ауызға) қағу* (*сөз бермеу*)
- 23* Аяққа оралғы болу
- 24* Аяқтан шалу
- 25* Зақым //зиян// келтіру
- 26* Кесапаты //қырсығы// тию
- 27* Кесір болу //қылу
- 28* Кесірін тигізу
- 29* Кесе көлденең болу
- 30* Көз түрткі болу
- 31* Көзге күйік болу
- 32* Көзге шыққан сүйелдей болу
- 33* Қадамын қысқарту
- 34* Қанатын қию //кесу// қырку
- 35* Қармақ құру
- 36* Қиянат //қырсық//, //нұқсан//, //кесел// келтіру
- 37* Қол байлау болу
- 38* Қырсығы //зияны//, //жұғу//, тию
- 39* Қырсық шалу //айландыру
- 40* Сорын қайнату
- 41* Шаужайға оралу
- 42* Шаужайдан алу

12. ҚАРСЫЛЫҚ КӨРСЕТУ –

- Азар да безер болу* (*мойындамау, көнбеу*)
- 43* Әдесе мә деу /ұрысқақ адам туралы/
- 44* Басынан сөз асырмау
- 45* Бет бақтырмау
- 46* Бетін қайтару
- 47* Бетіне қарсы келу
- 48* Қару қылу
- 49* Қиғаш келу
- 50* Отырып алу /өз дегенімен/
- 51* Шауып ал /деу/ /айтқанға көнбеу/

13. ЖОҒАЛТУ / КӨЗІН ҚҰРТУ –

- 52* Басына су құю

- 53* Дым/-ын/ қоймау
 54* Жым-жылас құрту
 55* Жоқ қылу
 56* Жоқ болу
 57* Жым-жылас құрту
 58* Зым-зия жоғалт/у
 59* Келмеске кетіру /әдейі/
 60* Көз жазып қалу /біреуден, бірдеңеден/
 61* Көзін жоғалту /әдейі/
 62* Көзін жою //құрту
 63* Көзден бұлбұл ұшу /кекесін/
 64* Көшіріп кету */ұрлау/
 65* Қарасы жоғалу
 66* Қарасын батыру
 67* Қарасынан адасу
 68* Қолды болу*(ұрлану)
 69* Орнын сипап қалу /өкініш/
 70* Сайда саны, құмда ізі жоқ
 71* Санда бар да, санатта жоқ*(көзге ілмеу, менсінбеу)
 72* Сап болу
 73* Су аяғы құрдымға кету, //айналу
 74* Су түбіне батыру /әдейі/
 75* Су түбіне кету //кетіру
 76* Судай сіңіп, тастай бату
 77* Сыпырып кету**(ұрлау)
 78* Талан-таражға салу
 79* Тамырына балта шабу /әдейі/
 80* Тұқымын тұздай құрту /әдейі/
 81* Түбіне жету /әдейі/
 82* Түп-тамырымен құрту, //жою
 83* Тып-типыл құрту /әдейі/
 84* Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кету
 85* Ұшты-күйлі жоғалу //жоқ болу
 86* Хан талапайға салу
 87* Шүу, қара құйрық! /мысқыл/
 88* Із-түзсіз жоқ болу
 89* Ізі суу
 90* Ініне су құю(әдейі)

14. БОСҚА ӘУРЕЛЕНУ /біреу үшін, бірдеңеге/ -

- 91* Арам тер болу
- 92* Ит әуреге түсу, //түсіру
- 93* Итін шығару
- 94* Қолынан боқ та келмеу
- 95* Қызыл май болу

15. БҮЛДІРУ /бірдеңені / БҮЛІНУ–

- 96* Астан-кестені/-н/ шығу//шығару
- 97* Астын үстіне шығару
- 98* Сеңдей соғылысу* (*ығы-жығы болу*)
- 99* Сорпадай сапыру
- 100* Судай шайқау
- 101* Ту-талақайы/-н/шығу//шығару

16. ҰРЛАУ, ТОНАУ-

- Жиендік жасау /этнографиялық эвфемизм/
- Жымпитып жіберу
- 102* Қалтаға түсу
- 103* Қолды болу* (*ұрлану*)
- 104* Қымқырып кету
- 105* Талан-таражға салу//түсу /*мемлекет меншігіне қатысты*/
- 106* Хан талапайға салу /талап кету/
- 107* Үптеп кету/- *түгін қоймай тонау*/
- 108* Іліп //қағып//кету

17. ӘБІГЕР БОЛУ-

- 109* Ала шапқын
- 110* Аттанға айғай қосу
- 111* Жау жоқта жау сағыну
- 112* Жау кетті, ел көшті
- 113* Шала бүліну//шала бүлініп шарқ ұру

18. ҚАШУ /біреуден, бірдеңеден / –

- 114* Азар да безер болу* /*мойындамау*/
- 115* Атай көрме!

- 116* Ат тонын ала қашу
 117* Аш бәледен қаш бәле!
 118* Бастан құлақ садаға
 119* Беті(нен) аулақ
 120* Бойын аулақ салу
 121* Бәледен машайық қашыпты /сақтану/
 122* Жалт беру
 123* Зып ету (*тез, кенеттен қашу*)
 124* Қағынан жеру /*көбінесе өз туған баласын тастап кеткендерге қаратылып айтылады* /
 125* Тайып тұру

19. РЕНЖІТУ, РЕНІШ–

- 126* Араларынан қара мысық өту
 127* Дақ салу, //түсіру
 128* Еттен өтіп, сүйекке жету* /*біреудің қатты айтқан сөзі* /
 129* Желке жүндері үрпиісу

 130* Жігері/н/ құм қылу //болу //қылу
 131* /Көңілін басып тастау
 132* Көңілге қаяу түсіру / дық/ салу//түсіру
 133* Көңілін //меселін //қалдыру// қайтару
 134* Кір келтіру
 135* Қабағы қату/лы* /*ренжігенде, ашуланғанда* /
 136* Сөз/і/ өту
 137* Сіркесі су көтермеу* /*біржері ауырғанда* /
 138* Талабын жер қылу
 139* Ішіне мұз қату

20. МАҚТАН, ӨСУ/адамның әлеуметтік жағдайының өзгеруі/ -

- 140* Аспанға қарау /*кекесін* /
 141* Аспанға қолы жеткендей /*кекесін* /
 142* Астамшылық ету//көрсету
 143* Асылық айту//көрсету
 144* Асып төгілу
 145* Бақ-дәулеті шалқу

- 146* Басынан құс ұшырмау* / бұл арада өзіне ешкімді қарсы келтірмеу д.м./
- 147* Бет қаратпау* /ешкімді мойындамау/
- 148* Бетіне ешкім/ді/ келмеу //келтірмеу/
- 149* Дәулеті тасу
- 150* Деміне (кеудесіне) нан пісу
- 151* Ернін шүйіру
- 152* Есек құрты мұрнынан түсу (кекету, мұқату)
- 153* Жал біту /кекесін/
- 154* Жан беттетпеу //қарсы келу, ешкімді мойындамау
- 155* Жел боп тию
- 156* Зор кеуде //көкірек
- 157* Кекшііп қалу /жақтырмау, кекесін/
- 158* Кердең кету //қағу
- 159* Кеуде көтеру //қағу
- 160* Кеуде соғар //соғу
- 161* Көзінің еті өсу
- 162* Көзіне шел біту /ұнатпау/
- 163* Көзге ілмеу
- 164* Көкірек керу
- 165* Көңілі көкте, басы жерде
- 166* Құдайдың еркесі /мысқыл/
- 167* Құдайын ұмыту /кекесін/
- 168* Мейманасы асу
- 169* Мұрнын көкке көтеру, //шүйіру (ешкімді жақтырмау)
- 170* Мұртын балта шаппау* /мысқыл/(көңілі орнында)
- 171* Танауы(-мен) көк тіреу
- 172* Танауын көкке көтеру
- 173* Ұртын көкке көтеру
- 174* Ханға сәлем бермеу /мысқыл/
- 175* Шаруасы түгел /кекесін/
- 176* Шекесінен қарау /кекесін/

21. АЛДАНУ/біреуден/, АЛДАУ /біреуді/-

- 177* Ақ ауыз қылу
- 178* Алдап соғу
- 179* Аузы аңқайып қалу
- 180* Аузы аппақ болу

- 181* Аузын аңқайтып кету
- 182* Аузы/н/ күншығысқа қарату, //қарап қалу
- 183* Екі қолын танауына тығып қалу
- 184* Жерге //мұзға отырғызып кету
- 185* Қапыда қалдыру //қалу
 - 186* Қоян/ның / ізін салып кету
 - 187* Қоянның суретін салу
 - 188* Құйрығын қарға шаншу
- 189* Құр тұлпыққа мөңіреген сиырдай болу
- 190* Қулығын асыру
- 191* Сазға отырғызу
- 192* Сақал сипап қалу
- 193* Сан //жер// соқтыру
- 194* Тұзаққа түсу

22.ҰРУ, СОҒУ, ТӨБЕЛЕС /әрекетке негізделген/

- 195* Астан-кестені шығу /көрінісі/
- 196* Асты-үстіне шығару*(бүлдіру)
- 197* Аузы-мұрнын қан жалату
- 198* Әлем-тапырағын шығару
- 199* Әңкі-тәңкісін шығару
- 200* Бас салу
- 201* Басына әңгір таяқ ойнату
- 202* Басын жарып, көзін шығару
- 203* Береке (-сін) ,кұтын қашыру
- 204* Бұтын-бұт, қолын-қол қылу
- 205* Бір перу
- 206* Бірді бірге соғу
- 207* Дүрсе қоя беру
- 208* Есігі ойран, төрін талқан ету
- 209* Жағадан алу
- 210* Жанын күйдіру*
- 211* Жатқан жыланның құйрығын басу*
- 212* Жерге тығу
- 213* Жер-көкті басына көтеру*
- 214* Жермен-жексен ету
- 215* Жон терісін сыпыру
- 216* Жонынан қайыс //алу//, //таспа// тілу
- 217* Жұдырықтың астына алу

- 218* Жүндей түту //сабау
- 219* Жынын келтіру
- 220* Жынына тию
- 221* Ит аяқтан сары су ішкізу
- 222* Ит қорлық көрсету, /көру/
- 223* Ит сілікпесін шығару
- 224* Ит талағандай қылу
- 225* Көзіне көк шыбын үймелету
- 226* Көк ала қойдай сабау
- 227* Көрдей қысу
- 228* Көресіні көрсету
- 229* Күлін көкке ұшыру
- 230* Күнін тар қылу
- 231* Қаққанда қанын, соққанда//сыққанда// сөлін алу
- 232* Қамшы жеу /жегізу
- 233* Қамшының астына алу
- 234* Қан жалату
- 235* Қанды көбік жұтқызу
- 236* Қара аспанды төндіру* *(бір нәрсені уайымдағанда ескерту үшін айтады)*
- 237* Қойға шапқан қасқырдай
- 238* Қойдай қыру
- 239* Қойып жіберу /ұру/
- 240* Қол жұмсау /эвфемизм –сыпайылап айту/
- 241* Қолының қышуы қанғанша сабау
- 242* Қызыл шеке болу
- 243* Қынадай қыру
- 244* Қыран жапқандай қылу
- 245* Қырғи тигендей болу
- 246* Қырық пышақ болу* *(араздасу)*
- 247* Қытығына тию* *(ызасына намысына тию)*
- 248* Мойнын бұрап/ жұлып/ алу
- 249* Мұрнын бет қылу
- 250* Ойран- асыр болу
- 251* Ойран(-ы) болу/ шығу
- 252* Өлтіре сабау, //ұру
- 253* Өлімші //қылу// етіп сабау
- 254* Тап беру
- 255* Тас талқанын шығару
- 256* Таяқ жеу /жегізу

- 257* Таяққа жығу//жығылу
 258* Тебенгіден тер, қабырғадан қан жаудыру
 259* Терісін бітеу сою
 260* Төбесін ою
 261* Тұщы етіне ащы таяқ тию
 262* Түгін қалдырмау
 263* Түндігін теріс айналдыру
 264* Шаңын аспанға шығару
 265* Шаңырағын қиратып, түндігін тілу
 266* Шаңырағына ат ойнату
 267* Шаңырағына қобыз ойнату
 268* Шапалақ жеу
 269* Шие жегендей қылу /аузы-мұрнын қан жалату*/
 270* Ілінісе кету

23. ҰРЫС, ҰРСУ */сөзбен/-

- 271* Апшысын қуыру
 272* Аспанды алақандай, жерді тебінгідей ету
 273* Аузынан ақ ит кіріп, қара /көк/ ит шығу /дөрекі/
 274* Әкесін таныту /дөрекі/
 275* Бетінен қабу
 276* Бидайша қуыру
 277* Бүйідей тию
 278* Бықпырт тигендей
 279* Бір тарының қауызына сыйдыру
 280* Бір уыс қылу
 281* Біраз жерге апарып тастау /сыпайылап айту/
 282* Бірді бірге соғу
 283* Екі аяғын бір етікке тығу
 284* Жағадан алу
 285* Жанын шығару
 286* Жебедей жерге енгізу
 287* Жеп қоя жаздау
 288* Жер тепсіну
 289* Жерден алып, жерге салу
 290* Жер-жебіріне жету
 291* Жетесіне жеткізу
 292* Жон терісін сыпыру* (сес көртсетіп ұрсу)
 293* Жынын құсу

- 294* Зәресін алу*(қорқыту)
 295* Ит терісін басына қаптау
 296* Көкесін көзіне көрсету
 297* Көкесін таныту
 298* Көресіні көрсету/көру
 299* Қатты кету /эвфем/.

- Қиғылық салу
- Қозыдай көгендеу*(бәрін жинап алып ұрсу)
- Қуырдақша қуыру
- Қуырып жеу
- Қүдіретін көрсету
- Қызыл кеңірдек //өңеш болу*(дауласу)
- Қырқай шалу (бәріне тиісу)
- Қырық пышақ болу* (төбелесу)
- Қытығына тию*
- Сазайын беру
- Сөзі сүйектен өту
- Сыбағасын беру
- Танауынан тізу*
- Таяқ жеу*/жегізу
- Төбесіне шай қайнату
- Шаңын қағу //сілку
- Шатақ шығару
- Іремей /іреп сою

24. БИЛЕП-ТӨСТЕП ОТЫРУ (біреуді) -

- Айдап өргізіп, иіріп жусату
- Айрандай аптап, күбідей күптеу*(мақтану, мақтау)
- Айтқанына көндіру, айдағанына жүргізу
- Ашса алақанында, жұмса жұмырында
- Бір шыбықпен айдау
- Желкесіне міну
- Екі аяғын бір етікке тығу*(ұрсу)

- Екі үйге бір қазан астыру /*тұрмыстан қысу*/
- Ерттеп міну
- Көзін бақырайтып қойып /*өктемдік*/
- Көзін жылтырату
- Қамшысын үйіріп отыру
- Қойдай жусату
- Қойдай өргізіп, қозыдай көгендеу
- Құрығы ұзын
- Өзі би, өзі қожа /*кекесін*/
- Мойнын бұрау
- Мойнына ерттемей міну
- Мойнына мініп алу
- Тізгінін қолына алу* (*жұмысты, істі*)
- Уысынан шығармау
- Үстемдік ету //құру
- Шырқ иіру

25. ОЗБЫРЛЫҚ, ӨКТЕМДІК КӨРСЕТУ, ЗОРЛЫҚ КӨРУ –

- Азуы/н/ бату /батыру/
- Азу тісін басу / батыру
- Аяғына /табанына/ салып беру
- Бармағын //тырнағын// батыру
- Екі аяғын бір етікке тығу //сыйғызу* (*ұрсу*)
- Жалғыз //бір// тарының қауызына сыйғызу* (*ұрсу*)
- Жанын көзіне көрсету
- Жапа шегу /шектіру
- Жегенін желкесінен шығару
- Жуандық көрсету
- Кеуде көрсету
- Кеудеге салу
- Кеудемен соғу
- Көзді бақырайтып қойып
- Көпе көрнеу
- Көріне/р/ көзге

- Көресіні көру/ көрсету
- Көтензорлық жасау /дөрекі/
- Қағажу көру /көрсету
- Қара күшке салу
- Қармағына түсу
- Қоңыз тергізу
- Найзаның ұшымен, білектің күшімен
- Найза ұшына қарату
- Малына құрық, басына сырық ойнату
- Өз майына өзін шыжғыру
- Өктемдік жасау
- Өтін алып, аузына құю
- Табанын тілу
- Табанын тіліп тұз құю
- Талабын жер қылу / мұқату /
- Тесеге сидіру (көресіні көрсету)
- Төбесін тесу /қашау/
- Төбесіне қамшы /әңгір/ таяқ ойнату
- Төбесіне шығу
- Тулақтай сүйрету
- Туырлығын тілу
- Туырлығын тіліп тоқым ету
- Тұзақ құру
- Тырнағын батыру
- Тізе басу
- Үстінен құс ұшырып, астынан ит жүгірту
- Шеңгеліне іліну
- Шет қақпайға түсу
- Шоқпарын басына ойнату
- Ызасы/ қорлығы /өту
- Ішкенін ірің, жегенін желім ету

26. КҮН БЕРМЕУ –

- Бас көтертпеу
- Берекесін кетіру
- Бет қаратпау* (*қарсы келу*)
- Дамыл бермеу
- Ит қосып қуу
- Кеуде көрсету
- Кеудеге салу
- Кеудемен соғу
- Көз ашқызбау
- Күн көрсетпеу
- Қан қақсату
- Қоқан-лоқы көрсету/ жасау/
- Қыр сонынан қалмау
- Қысқа күнде қырық рет шабу
- Мазаны алу
- Отырса опак, тұрса сопак

27. ЕРКІНУ, БАСЫНУ (*біреуді*)

- Балақтағы бит басқа өрмелеу /*кекесін*/
- Қақпақыл қып ойнау

28. ҚЫР КӨРСЕТУ /*біреуге*/

- Жүйрік аттай ойқастау
- Жүнін сыртқа түкситу (қампиту)
- Хан сыртынан жұдырық

29. АСЫРА СІЛТЕУ -

- Артық қылам деп, тыртық қылу
- Шаш ал десе, бас алу

30. КҮШТІЛІК /МЫҚТЫЛЫҚ/

- Аспанға ұшса, аяғынан тарту, жерге кірсе, желкесінен тарту
- Аспанға ұшса да, жерге батса да жоқ қылу

- Аттының аяғын, жаудың таяғын алу
- Жан алқымға алу* (*әбден қинау*)

31. ӨШ АЛУ /*біреуден*/-

- Есесін жібермеу
- Жастығын ала жату
- Кегін қайтару / қайыру
- Қаруын қайтару

32. ҮГІТТЕУ /*біреуді*/ -

- Дем беру
- Қайрап салу
- Қолтығына су бүрку

33. СОҢЫНАН ҚАЛМАУ –

- Аш кенедей жабысу
- Жанын қоймау
- Желімдей жабысу
- Қыр соңынан қалмау (*ізіне түсу*)
- Соңына шырақ алып түсу
- Сүліктей(-ше) қадалу
- Талақтай жабысу
- Тісті бақадай жабысу
- Тіс тырнағымен жабысу
- Түп етектен ұстау //алу
- Шаужайына жармасу
- Ізін аңду //бағу//кесу//, //шалу

34. МАЗАЛАУ -

- Басынан //құлағынан// қиқу кетірмеу

- Берекесін кетіру
- Дәмін бұзу / кетіру/
- Жанын қоймау
- Құтын алу / қашыру/
- Маза бермеу
- Тұнығын лайлау, //шайқау
- Шырқын бұзу, //алу
- Ынтымағын бұзу

35. ЫҚПАЛ ЕТУ /бір істің орындалуына біреуге, бірдеңеге себепші болу/-

- Қамшы болу
- Қозғау салу
- Ой түсіру
- Ықпал ету //жасау
- Ықпалы тию

36. ЖҰМЫСБАСТЫ –

- Ат үстінде жүру
- Бел шешпеу
- Белі бүгілмеу
- Дамыл көрмеу
- Етегі елпуіш, жеңі желпуіш /болып/
- Жарғақ / жар/ құлағы жастыққа тимеу
- Жұмысы шаш етектен
- Зыр жүгіру
- Күйіп пісу*(ашулану)
- Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеу
- Қолы тимеу/босамау/
- Қу жаны қуырдақ болу
- Құйрығы жерге тимеу
- Құйрығы жер иіскемеу
- Қызыл танау болу
- Мұрнына су жетпеу

- Мұрнынан шаншылу
- Мұршасы келмеу/болмау/
- Өліп -тірілгеніне қарамау
- Сіңбіруге мұршасы болмау
- Тыным көрмеу
- Тыным таппау
- Тізе бүкпеу

37. ЕШТЕҢЕ АЛМАУ /бірдеңеден құр қалу/-

- Бір сабақ жіп те алмау
- Дымсыз қалу
- Екі қолды мұрынға тығу
- Жер сыйпау/сыйпап қалу/
- Жұрдай /болу/қылу
- Кеңде қалу
- Құр /алақан/ қалу

38. ЕСІНДЕ ҚАЛДЫРУ –

- Көкейіне //көңіліне/ сақтау
- Ойына тоқу //түю/

39. ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ /біреу үшін/-

- Жақсылық қылу //істеу
- Жүрегі елжіреу
- Қайырым жасау
- Қамын жеу //ойлау
- Мүйізі сырқырау
- Тапқан - таянғанын аузына тосу
- Ыстық суығына тоңу //төзу// күйу

40. ДАЙЫН ТҰРУ /істің, оқиганың дайын болуы/-

- Айыл-тұрманын тағыну

- Бабына келу
- Қайрауы жету
- Мейіздей қату
- Сақадай сай тұру

41. ДАЙЫН /еңбексіз дайын нәрсеге тап болу / -

- Айдабол, ас ішкенде пайда бол!
- Ал балық, ауызға сал балық!
- Асулы қазан, тігулі үй
- Дайын асқа тік қасық
- Салулы төсек, салқын үй

42. СҰРАУ, ҚАЛАУ /біреуден бірдеңені қоймай сұрап алу/-

- Ат - түйедей қалау
- Базына(-лық) жасау
- Қолқа салу
- Отырып алу /бермесіне қоймау/

43. ЖАҚТАСУ /біреуге/ -

- Жыртысын жырту
- Мұңын мұндап, жырын жырлау
- Намысын жырту
- Сойылын соғу
- Сөзін сөйлеу

44. МОЙЫНСҰНУ –

- Алланың //құдайдың /салғанын көру
- Басқа салғанды көру

45. АСЫҒУ, АСЫҒЫС /жүру/ -

- Абың кіріп, күбің шығу
- Ат үсті*(*бір нәрсеге жеңіл-желпі қарау*)
- Аттың жалы түйенің қомында
- Аяғы аяғына //жұқпау //тимау
- Аяғы //өкшесі// жерге тимау
- Бір аяғы анда, бір аяғы мұнда
- Дегбір таппау
- Екі өкпесін қолына алып(жүгіріп) жету
- Жан алқымда
- Жау қуып бара ма?
- Жау тигендей //қуғандай //
- Күйіп - жанып бара жату
- Карбалас жүріс
- Құстай ұшу
- От ала келген кісідей
- Суыт жүру
- Тағат таппау

46. ҚОНАҚҚА ШАҚЫРУ (*сыйлау*) –

- Дәм - ауыз тигізу
- Есік /төр/ көрсету
- Сыбаға тарту
- Сый - сияпат көрсету

47. ҚҰРМЕТТЕУ, СЫЙЛАУ –

- Алдынан қия өтпеу
- Асты - үстіне түсу*(*қызмет көртсету*)
- Бәйек болу*(*қызмет көртсету*)
- Қадыр тұту
- Қошемет көрсету
- Өзім деген кісіге өзегін жұлып беру
- Шыж көбелек болу*(*жақсы көру,қызмет көртсету*)

48. ЖИІ КЕЛУ –

- Ат ізін суытпау //құрғатпау
- Күн құрғатпай келу

49. ТОҚТАУ, БАСЫЛУ /әрекеттің тез тоқтауы/-

- Пышақ кескендей тыйылу
- Су сепкендей басылу

50. КҮТУ, АЛАҢДАУ –

- Екі көзі төрт болу
- Көңілі алаң /күпті/
- Көңілі екі болу

51. БОЛДЫРМАСТЫ БОЛДЫРУ–

- Айдан ұл тудыру, күннен қыз тудыру
- Қара суды теріс ағызу

52. АЛДЫН АЛУ /алдын ала әрекет ету/ -

- Алды - артын орау
- Алдынан өту

53. КЕШ ҚАЛУ –

- Ерте туып, кеш қалу
- Кенже қалу
- Қапы қалу

54. КҮН КӨРУ /ешкімнің көмегінсіз/ -

- Аштан өліп, көштен қалмау
- Көйлегі көк, тамағы тоқ
- Қайғысыз қара суға семіру
- Қойын құрттап, айранын ұрттап
- Өз атына мініп кету

- Өз аузына қолы жету
- Өз қотырын өзі қасу

55. КҮН КӨРІС –

- Қара қазан, сар баланың қамы
- Қара қазанның қайғысы //қамы

56. ТЫНЫШ ОТЫРУ/ТЫНЫШТЫҚ ТІЛЕУ –

- Аш құлақтан тыныш құлақ
- Аш тамағым, тыныш құлағым
- Ел аман жұрт тыныш /та*
- Құда да тыныш, құдағи да тыныш

57. РЕТІН ТАБУ –

- Амал жасау
- Екі жеп биге шығу
- Жөндемге келтіру
- Қисынын келтіру
- Орайын келтіру
- Саңылау табу
- Тігісін жатқызу
- Шешуін табу
- Ығын табу

58. ӘШКЕРЕЛЕУ –

- Бет пердесін сыпыру //ашу
- Сыры/н/ ашылу /ашу

59. ЖӘРДЕМ БЕРУ, КӨМЕКТЕСУ-

- Ат салысу
- Ат сауырын беру
- Жанын тындыру

- Жылу жинап беру
- Қанатымен су себу
- Қол ұшын беру
- Себін тигізу
- Шапағаты тию

60. ҚҰПИЯ /айтпау/–

- Жабулы қазан жабуымен қалу
- Көрдім көп сөз, көрмедім бір сөз
- Мал құлағы саңырау
- Тісінің сыздығында сақтау

61. ДЕГЕНІНЕ ЖЕТУ –

- Айтқаны екі болмау
- Айтқаны өтіп, айтқаны /дегені/ жетіп тұру
- Жіп ұшына шығу (*анықтау, жеріне жету*)
- Қадалған жерінен қан алу
- Тістей қату

62. АТ ҚОЮ ТУРАЛЫ /нәрестеге/-

- Азан айтып //шақырып// қойған аты
- Азан шақырып, қазанның құлағын қағып қойған аты

63. АНЫҚТАУ /бір істі/ -

- Анығына жету
- Анық - қанығына жету
- Асты - үстін қазу
- Бақайшығына дейін шағу
- Егжей - тегжейіне жету

64. АНЫҚ /іс, әрекет туралы/ -

- Аққа қара басқандай

- Басындағы бөркіндей көр
- Дау - дамайы жоқ
- Келсаппен түйгендей
- Мен мұндалап тұру
- Соқырға таяқ ұстатқандай
- Тағдыры шешілу
- Тайға таңба басқандай
- Шек келтірмеу

65. ӘСЕРЛЕНУ –

- Делебесі қозу
- Көңілі көтерілу /сергу/
- Қаны қызу
- Оттай жану
- Өзін өзі қамшылау*(дем беру)

66. АҚЫЛДАСУ –

- Алдынан өту*(үлкендердің)
- Әрі ойлап, бері ойлап
- Қабырғасымен кеңесу
- Мың ойланып, жүз толғану

67. ОЛЖАЛЫ БОЛУ –

- Жеңіл барып, ауыр қайту /тілек/
- Қанды басың бері тарт! /тілек/
- Қанжығасы майлану
- Қанжығасын қандау
- Төбесінен төмен қарай алтын құю
- Үйірімен үш тоғыз

68. ҚАМҚОР, ЖАНАШЫР БОЛУ /біреуге/ -

- Бақайын сазға тигізбеу

- Бас – көз болу
- Бүйірі қызу* (*әсерлену*)
- Жаны соның үстінде
- Жоғын жоқтау
- Жыртысын жырту
- Көз қырын салу
- Көз-құлақ болу
- Қанаттыға қақтырмау, тұмсықтыға шоқыттырмау
- Қанатының астына алу
- Қара болу
- Қол ұшын беру
- Қолтығына алу
- Қолтығынан демеу //сүйеу болу
- Қызғыштай қору
- Мұңын мұңдау, жырын жырлау
- Оң жағына қондыру
- Отқа күйіп, суға батуға бар
- Панасы болу
- Сая болу
- Сойылын соғу
- Суығына тоңып, ыстығына күйю
- Тұлға /қорғаныш/, /тірек/ болу
- Үстінен шыбын //құс// ұшырмау
- Шаң жуытпау
- Шығарға жаны басқа //бірге
- Ыстығына күйіп, суығына тоңу
- Іші бұру
- Ішке тарту

69. ҚАУІП-ҚАТЕР –

- Ажал аузында жүру
- Басын //жанын// қатерге тігу* (*тәуекелге бару*)
- Басын өлімге байлау* (*тәуекелге бару*)
- Жанын құрбан қылу

- Кеудесін тосу
- Қасықтай қанын қию
- Шыбын жанын шүберекке тую

70. ТҮГЕЛДЕНУ /бір жерге барлығы жиналу/-

- Бас аяғы жиналу
- Тайлы-таяғы қалмау
- Танауынан тізу
- Төрт көзі түгел болу
- Төрт құбыласымен

71. ӘЗІР БОЛУ /бірнәрсеге/-

- Әлекедей жалаңдау
- Сақадай сай тұру

72. ҚЫЗМЕТ ҚЫЛУ /біреуге/-

- Асты-үстіне түсу
- Бәйек болу*
- Далбалақ қағу
- Дедек қағу /мысқыл/
- Жаны қалмау
- Жатып жастық, иіліп төсек болу
- Жік-жапар болу
- Зыр жүгіру
- Имен қағу*/жағымсыз/
- Қалбалақ ұшу
- Қоғадай жапырылу
- Қолдан-қолға түсірмеу
- Қолды аяққа тұрғызбау
- Қошемет көрсету
- Құдайдай көру
- Құрақ ұшу

- Құрдай жорғалау **/жағымсыз/*
- Құшақ жайып қарсы алу
- Өкшесін жерге тигізбеу
- Өле жаздау */кекесін/*
- Су төккісіз жорға болу *(поэт.)*
- Табанынан тік тұру
- Томпаң қағу */әжуа/*
- Төбесіне көтеру
- Төбесінен тік тұру
- Хан көтеру
- Шапан-шекпен жабу
- Шәй-суын ала жүгіру
- Шылбырына оралу

73 ДӘМЕТУ *(біреуден)*

- Аспандағы қазды сорпасына шылап жеу
- Тумаған */қашпаған/* сиырдың уызынан дәмету

74 ДАУ ШЫҒАРУ *(Аяқ астынан пәле шығару)*

- Бүйректен сирақ шығару
- Дау кеміру *(дауласу, ұрсысу)*
- Жаурыннан жамбас жою
- Қитықтан ситық шығару
- Құйқадан құлақ шығару)
- Таяқтан саяқ шығыру

11. Сезім әрекеттеріне қатысты айтылатын фразеологизмдердің тақырыптық мағыналас топтары

1. СҮЙЕНІШ */біреуді сүйеніш көру/-*

- Ағайын тұту

- Арқа сүйеу
- Арқа тұту
- Дәтке қуат
- Көңілге тоқ санау
- Қанат болу
- Қол арту
- Медеу көру //ету
- Мият тұту /диал./
- Оң көзі

2.ТӘУЕКЕЛ /бір іске бел бұғанда / -

- Алақанына //қолына// түкіру
- Ады-артына қарамау
- Бағын //бақытын// сынау
- Басын бәйгеге тігу
- Көз жұмып тұрып
- Қайдан шықса, онан шықсын!
- Нар тәуекелге басу
- Не болса да
- Не болса, ол болсын
- Не десе о десін
- Ноқталы басқа бір өлім
- Өлімге бас тігу
- Су ішсем де, у ішсем де
- Тау күйіп, тас жанса да
- Тәуекел де тас жұт
- Тәуекелге бел байлау

3 КӨҢІЛСІЗДІК –

- Бас терісі салбырау
- Басына тию
- Беті қайту
- Енжарлыққа түсу
- Еңсесі //ұнжырғасы// түсу

- Екі иығы салбырау
- Жабы болу
- Жан дүниесі жабырқау тарту
- Жермен жексен болу
- Жігері құм болу
- Жаны кею
- Жүзі сынық
- Жүн боп //жүнжіп// кету
- Жүні жығылу
- Жынынан айырылған бақсыдай / болу/
- Запыс болу
- Илеген терідей болбырау
- Иығы жауыр болу
- Кежегесі кейін тарту
- Көңілінен ел көшкендей
- Көңілі жадау тарту
- Көңілі жасу
- Көңілі жер (жердей) болу
- Көңілі қалу
- Көңілі қараю
- Көңілі қоңылтақсу
- Көңілі жер болу
- Көңілі күпті
- Көңілі шайлығу
- Қабағы кірбің тарту
- Қабағы салбырау
- Қабағын қарс жабу
- Қабағы/нда кірбің //болу//, //бар// тарту
- Назары пәс болу
- Назары төмен
- Мойнын ішіне тығу
- Мойнына су кету (құйылу)
- Өзін қоярға жер таппау* (*алаңдау, ашулану*)
- Сіркесі су көтермеу* (*ауырғанда, ренжігенде*)
- Сағы сыну

- Салы суға кету
- Самарқау тарту
- Сүтке тиген мысықтай //күшіктей болу
- Тауы шағылу (қайту)
- Үмітсіздікке салыну
- Іш құса болу

4 ЖАҒЫМПАЗ –

- Асты-үстіне түсу
- Атса - мылтығы //оғы//, шапса – қылышы
- Біреудің артына /к...не / кіру (дөрекі)
- Жақсы атты көріну
- Итаршы болу /мазақ/
- Қойны-қонышына кіру
- Қойнына кіріп, қонышынан шығу
- Қол шоқпар
- Қолжаулық болу /мазақ/
- Құрдай жорғалау*(қызмет көрсету)
- Маймаң / байпаң/ қағу
- Өле жаздау /мысқыл/
- Сойыл соғар /мазақ/
- Табанын жалау /мысқыл/
- Шашбауын //көтергіш// көтеру /мазақ/
- Ішіне кіріп, сыртынан шығу\нысық/

5 ҰНАТПАУ –

- Жаман қарау
- Қабағы келіспеу
- Қабағын тыржиту //түю//
- Қыңыр қарау
- Құлқы сүймеу
- Мұрнын тыжыру /жақтырмау/
- Оң қарамау
- Салқын қарау

- Суқаны сүймеу
- Іші қаламау

6 ЗЕРІГУ, ЖАЛЫҒУ –

- Екі қолы алдына сыймау
- Көңілі жалығу
- Өзін-өзі қоярға жер таппау* (*алаңдау, ашулану*)
- Іші жарылып /кету/барады
- Іші пысу

7 ШАРАСЫЗДЫҚ (*қолдан ешнәрсе келмегенде*) –

- Айтып-айтпай не керек
- Амал жоқ /щанша/ /не/ /нешік/ /бар ма?/
- Амалы таусылу
- Әрі - айт, бері – айт
- Күресуге дәрмен жоқ
- Тығырыққа тірелу
- Іші қазандай қайнау

8 МАЗАСЫЗДАНУ (*бірнәрсеге*) –

- Әбігер болу
- Дегбір таппау
- Дегбірі қашу
- Жүрегі қобалжу* (*қорқу*)
- Тынышы кету
- Шыдамы жетпеу //кету
- Ішкен асы батпау /бойға тармау/
- Ішкені - ірің, жегені - желім болу

9 КҮДІКТЕНУ –

- Көңілін күпті қылу

- Көңіліне қобалжу //кіру// салу
- Көңіліне шайтан ұялау
- Сау сиырдың боғы емес
- Секем / сезік/ алу
- Тегін емес
- Өз-өзінен қуыстану
- Үрке қарау
- Шүбә/ шеек/ келтіру
- Іші бүлк ету

10 ЖЕК КӨРЕ ҚАРАУ /кісіге/ -

- Ала көзімен ату
- Атарға оғы болмау
- Жаман қарау
- Жаман көзбен қарау
- Жыландай //кірпідей жиырылу
- Қасын //қабағын// түю
- Оқты көзбен қарау
- Теріс көзбен қарау
- Теріс қабақ білдіру
- Іш мылтықпен ату

11 ҚИНАЛУ /әрекет, оқиға нәтижесіне қарай/-

- Жамбасына аяздай бату
- Жанына бату
- Қабырғасы қайысу*(жанашыр болу)

12 ЕШТЕҢЕ ОЙЛАМАУ –

- Алаң болмау
- Көңіліне алмау
- Қаннен қаперсіз
- Сырдың суы тобығынан келмеу

13 ДАҒДЫЛАНУ /жиі қайталанатын іс, оқиғаға /-

- Еті өліп кету
- Көзі үйрену

14 КҮМӘНДАНУ –

- Әрі-сәрі болу
- Дүдәмал болу
- Екі ойлы болу

15 МОЙЫНДАУ –

- Айыбын мойнына алу
- Қолымен істегенді мойнымен көтеру
- Мойнына қойдырту //қою

16 ТАТУЛЫҚ –

- Айрандай ұйып отыру
- Арадан қыл өтпестей
- Арасы майлы қасықтай
- Ауылы аралас, қоры қоралас
- Ауыз бірлігі күшті (мықты)
- Бал жаласып кету
- Бір бас, бір тас болу
- Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару
- Егіздің сынарындай* (ұқсас)
- Жарты құртты жарып жеу, бүтін құртты бөліп жеу
- Қаймағы бұзылмау //шайқалмау//
- Түтіні бір жерден шығу
- Төсекте басы, төскейде малы қосылу

17 ҚАРҒЫСҚА ҰШЫРАУ –

- Киесі //аруағы// //ату// ұру

- Кесірі ұру
- Қарғысы жібермеу
- Қарғыс арқалау
- Қаһарына //кәріне// ұшырау

18 МАДАҚТАУ, МАҚТАУ -

- Басы алтын к...і күміс (*дәрекі; фольклор*)
- Жауырынан //арқасынан //қағу
- Жер көкке сиғызбау /*мысқыл*/
- Көпшік қою /*кекесін*/
- Қолтығына су бүрку*/*әдейі, өтірік мақтау, арандату*/

19 ЖЕК КӨРУ -

- Жаны //қаны// қас
- Ит /-тің/ етінен жек көру
- Сұқаны сүймеу

20 ТАҢДАНУ –

- Аңқайып аузын ашу
- Аузын ашып, көзін жұму
- Аузын ашып қалу
- Аузын сылп еткізу
- Аузының суы құру* (*қызығу*)
- Ғажап қалу
- Жағасын ұстау
- Мәссаған безгелдек!

21 ЕРКЕЛЕТУ –

- Алақанға салу
- Алақанға салып, аялап өсіру
- Әлпештеп //мәпелеп// //өсіру// отыру
- Бетінен қақпау
- Күн тигізбей, жел тигізбей

- Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмау* (*қамқорлық көрсету*)
- Қас-қабағына қарау
- Маңдайынан шертпеу
- Сүт үстінде қаймақ /ету/ болу
- Табанын жерге тигізбеу

22 КӨҢІЛІ ҚАЙТУ /біреуден, бірдеңеден/ -

- Беті қайту
- Жүні жығылу
- Көңілге тік келу (*поэт.*)
- Қыры сыну
- Таба болу

23 КӨҢІЛГЕ ҚАРАУ

- Көңілін жықпау
- Көңілін қимау
- Қабағына қарау
- Меселін қайтармау
- Райына қарау
- Сөзін жерге тастамау

24 ТЕЗ ТҮСІНУ –

- Айтқызбай-ақ түсіну
- Ернінің емеурінен білу
- Құлағының тесігі бар /*әзіл*/

25. ТҮСІНБЕУ

- Айтқан сөзі құлағынан ағып кету
- Айтудай-ақ айту
- Ақпа құлақ
- Бас десе құлақ деу
- Мұрның қайда десе, аузын көрсету

- Сөз ұқпас

26. ӨТЕ ЖАҚСЫ КӨРУ /жақын адамын/ -

- Алақанына салып жүру
- Есі-дерті ауу
- Есі кету (қалмау), шығу)
- Ес-түсінен айырылу
- Қоң етінен ет кесіп беру
- Қу жаны қуырдақ болу
- Өлердей жақсы көру
- Шығарда жаны бөлек
- Ішкен асын жерге қою

27. ТЫҢДАУ –

- Зейін қою
- Құлақ құрышы қану
- Құлақ түру //қою//, //асу// салу
- Құлағына құю

28. ТЫҢДАМАУ–

- Құлақ қоймау
- Құлақ салмау

29. ЕСТІМЕУ–

- Естісем құлағым керең болсын! (*қарғану*)
- Құлағына тимеу
- Құлағына алтын сырға

30. ЕСТУ –

- Құдайдың құлағына шалыну
- Құлағына тию

31. ЖҰБАНЫШ –

- Алданыш ету
- Жаны тыну
- Жанын //көңілін //жұбату
- Көзайым болу* (*көп күткен адамы келгенде айтылады*)
- Көңіл алданарлық
- Көңіл жұбатар (-лық)
- Көңілі орнына түсу
- Көңілге қуат ету
- Көңілге медет //ету//, //тұту
- Көңілге тоқ санау

32. ҮНДЕМЕУ /ешкімге ештеңе айтпау/-

- Айтсам аузыма қара қан құйылсын! (*қарғану*)
- Артын /к...сін/ қысу *(қорқу) (*дәрекі*)
- Аузын тас қып жабу
- Аузына берік
- Аузына құм құйылу
- Аузы жұмылу
- Аузына су толтырғандай /болу/
- Аузына тас салу
- Бір ауыз сөз қатпау
- Дымы ішінде /болу/
- Дымын шығармау
- Екі елі ауызға бір елі қақпақ
- Жұмған аузын ашпау
- Жағы //тіл-жағы /қарысу
- Жым болу
- Иманындай сақтау
- Көмекейін суырып алса да /айтпау/
- Көрге бірге ала кету
- Қыңқ етпеу* (*шыдау*)
- Ләм-мим демеу
- Сөз қайырмау

- Сырға берік
- Сыртына шығармау
- Тастай қату* (*сараңдық*)
- Тіс жармау
- Тіс жарып ешкімге айтпау
- Тістен шығармау
- Үн жоқ, түн жоқ

33. ҰЯТ, ҰЯЛУ -

- Абиыры шашылу //түсу/
- Абыройы жойылу //кету// түсу/
- Абыройын айрандай төгу
- Абыройын аяққа басу
- Абыройынан айырылу
- Адам //кісі//, //жұрт//, //ел// бетіне қарай алмау
- Аяқ асты ету //болу
- Аяқтағы суға ағып өлу /*әзіл*/
- Беделін төгу
- Бет моншағы салбырау
- Беті аймандай болу
- Бетін басу
- Бетін шымшу
- Беті күйе
- Беті (жүзі) шыдамау
- Бетін адам қарағысыз ету
- Бетінің суы бес төгілу
- Бетіне /н/ басу
- Бетіне күйе //кір жағу
- Бетіне салық болу
- Бетіне шіркеу болу
- Бетінен арын төгу
- Бетінен басу
- Бетінен оты шығу
- Жер шұқу

- Жерге қарау
- Жерге кіріп кете жаздау
- Жерге кіргендей болу
- Жерге көмілу
- Жерді көзімен шұқу
- Жердің тесігі болса кіріп кету
- Жердің үстімен келіп, астымен қайту
- Жүзі қара /болу/
- Жүзі таю
- Иттей болу
- Кір келтіру
- Кірерге тесік таппау
- Қадірдің жүзі шашылу
- Қара бет болу
- Қара жерге отырғызу //қарату*(алдап кету)
- Қарауға бет жоқ
- Құлағының ұшына дейін қызару
- Қысқа күнде қырық өлу
- Орнынан тұрғысыз ету*(ұрсу, масқаралау)
- Өлім болды
- Өлген артық
- Өлген жері осы
- Өлмегенге қара жер
- Пышақсыз бауыздау
- Сүйекке таңба салу
- Тірідей жерге кіру
- Тірідей масқара болу
- Тірідей өлу
- Ұяты бетіне шығу
- Ұялғанда жер жарылмады, мен кірмедім

34. ҰЗАҚ САҚТАУ /бірдеңені / -

- Көздің қарашығындай сақтау
- Сары майдай сақтау

- Тісін тісіне қойып сақтау

III. Сезім жағдайына қатысты жоғары эмоциялы фразеологизмдер

1.КӨҢІЛДЕНУ –

- Арқа-басы жадырау
- Бір жасап қалу* (*риза болу*)
- Бойы сергу* (*аурудан соң*)
- Жағасы жайлау
- Жайылып сала беру
- Жаны //көңілі// жайлану
- Жеңілденіп қалу* (*ыңғайы келген шаруадан соң*)
- Көңілі жай табу
- Көңілі көтерілу (өсу)
- Көңілі судай тасу
- Көңілі орнына түсу
- Қабағы ашылу
- Құрыс-тырысы жазылу
- Майдай еру
- Сабасына түсу
- Үһ деу! /*көңілі орнына түскенде айтылады*/
- Ішпей -жемей мас* /*риза болу*/

2.БАСЫ ҚАТУ –

- Байтал түгіл бас қайғы
- Басы бәлеге қалу
- Басы дағарадай болу
- Басы дал болу
- Басы қаңғыру
- Басы шырғалаңға түсу
- Басы шырдай қату
- Басымен әлек болу
- Басын шарға салу
- Басына іс түсу

- Жұртта қалу* (*Ешкімге керексіз*)
- Миғұла болу
- Миы ашу
- Ой түбіне жетпеу
- Ойы онға, санасы санға бөліну
- Сау басына сақина тілеу
- Сең соққан балықтай болу
- Шақша басы шарадай болу
- Шатаққа ілігу

3.БАЙҚАУ /АБАЙЛАУ/

- Абай болу
- Алды артын аңдау
- Аңысын аңдау
- Аужайын //түю// аңғару
- Аяғын аңдап басу
- Аяғының ұшынан басу
- Әліптің артын бағу
- Шаңыраққа қара! //қарау* / *сес көрсету, кіммен қалай, қай жерде отырғанын байқату/*

4.МАЗАҚТАУ-

- Келеке ету //жасау//
- Көк есекке теріс мінгізу* /*әжуа/*
- Қол жаулық қылу
- Мойнына //бұрымына// құрым ілу /байлау* (*қорлау*)
- Ойыншық қылу

5.РЕНЖУ, РЕНЖІСУ-

- Ала көз болу
- Ала ауыз болу
- Арасынан мысық өту
- Араға от түсу

- Ат құйрығын //кекілін// кесісу
- Бет жыртысу
- Дәм-тұзы жараспау
- Жаны кею **(аурудан)*
- Жүз көріспеу
- Жүз шайысу
- Жүрегіне жұдырықтай боп тұра қалу
- Кейіс білдіру
- Керісіп қалу
- Көз аларту
- Көңілі қалу(қайту)
- Көңіліне алу (ескеру, елеу)
- Көңіліне дық ете қалу
- Кірбің /күрең /қабак болу
- Қабақ шытысу
- Қанды қалпақ кию
- Наразы болу
- Сенген қойым сен болсаң! *(сенімін ақтамағанда айтылады)*
- Іші мұздау

6.ҚАЙҒЫРУ /қайғыдан/ -

- Әкесі өлгендей
- Белі бүгілу
- Жамбасына аяздай бату
- Жер бауырлап жатып алу
- Жер таяну
- Жүрегі //кеудесі//, //көкірегі// қарс айырылу
- Жүрегі от //өрт// боп жану
- Жүрегіне ине шаншу
- Көкірегі шерге толу
- Көкірегі қайғылы, көзі жасты
- Қабырғасы //қайысу//, //қақырау// сөгілу
- Қайғыдан улану, //у жұту//, у жұтқандай болу
- Қайғымен қан жұту

- Қан жұту
- Қасіретпен қан жұту
- Санамен сарғаю* (*уайымнан*)
- Сары уайымға салыну
- Шер жұту
- Шер көкірек
- Іші бауыры өртену
- Іш құса болу
- Іші оттай //жан//, күйю

7.ҚУАНҒАН КЕЗДЕ –

- Алтын тапқандай қуану
- Әйелі ұл тапқандай /қуану/
- Әкесі базардан келгендей
- Бойын қуаныш билеу
- Бөркін аспанға ату
- Екі езуі құлағында //екі езуі құлағына жету
- Есі ету*(*қорыққанда*)
- Жадырап сала беру
- Жайраң қағу
- Жерден жеті қоян тапқандай
- Жүрегі атша тулау
- Жымың қағу*(*күлу*)
- Кеудесі тасу
- Көңілі атша тулау
- Көңілі судай тасу
- Көзі шырадай жану*(*рахаттану*)
- Қиын қуану (*диалект*)
- Қуаныштан жүрегі жарыла жаздау
- Қуанышы қойнына сыймау
- Қуанышын жасыра алмау
- Қуанышын ішіне сыйғыза алмау
- Қуанышында шек жоқ
- Өлгені тіріліп, өшкені жану

- Тұла бойы алып ұшу
- Төбесі көкке екі елі жетпеу //тимей қалу//
- Төбесі көкке жеткендей
- Тұла бойы алып ұшу

8. УАЙЫМДАҒАНДА –

- Кеудесі өртену
- Көкірегі шерге толу
- Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылу
- Құса болу //құсаға шалыну
- Санамен сарғаю
- Сары /сар/ уайымға //салыну// түсу
- Шер жұту
- Шер көкірек
- Іш құса болу
- Іші күйю

9.ҚОРҚУ –

- Аза бойы қаза болу
- Арқасы мұздап қоя беру
- Асауға құрық салғандай шыңғыру*/қатты қорыққанда/
- Екі көзі атыздай болу
- Есі кету*(кейде қуаныштан)
- Жаны қара бақайына кету
- Жаны көзіне көріну
- Жаны түршігу
- Жаны тырнағының (мұрнының) ұшына келу
- Жүрегі бүлк //солк// ету
- Жүрегі зырқ ете қалу
- Жүрегі мұздап //суып// қоя беру
- Жүрегі өрекпу //суылдау
- Жүрегі тас төбесіне шығу
- Зәре -құты қалмау
- Зәре жоқ

- Зәрезап болу
- Зәресі //ұшу// кету //қалмау
- Зәресі зәр түбіне кету
- Зәресі қалпақтай болу
- Зәресін алып, құтын қашыру
- Иманы /ғасыл/ қасым болу
- Иманы ұшу
- Көзі алақандай //атыздай// болу
- Көзі шарасынан шығу
- Көзіне қос көріну
- Қойнына жылан салып жібергендей
- Қол-аяғы дірілдеу (қалтырап кету)
- Селк ету /шошу /
- Су жүрек
- Тұла бойы //түршігу//, //шымырлау//, //тітіркену//,сескену
- Төбе құйқасы шымырлау
- Төбе шашы тік тұру
- Тілі байлану
- Тілі таңдайына жабысып қалу
- Тісі тісіне тимеу*(қатты тоңу)
- Өлердей қорқу
- Үрейі ұшу
- Шыбын жаны шыға жаздау

10.ЕЛЕҢ ЕТУ /бірнәрсеге/-

- Құлағын тігу

11.АШУЛАНУ /ашуланған кездегі адамның кейпі/ -

- Аузынан жалын атып тұру
- Аузына келгенін айту
- Ашу шақыру
- Ашуға булығыу
- Ашуы алқымына тығылу
- Бұрқан //бұлқан//-талқан болу

- Боғын пышақтау /дөрекі/
- Ер тоқымын бауырына алып тулау
- Етін //түсін// сыртына тебу
- Жанын шығару
- Жауар бұлттай түнеру
- Жыны //сайтаны қозу// ұстау
- Жүзінің жұдырығымен қарау
- Заһар шашу
- Зығырданы қайнау
- Ит арқасы құрысу
- Ит жыны келу
- Кәрін төгу
- Кәріне міну
- Көзі шатынау
- Көзін алайту //аларту
- Көзіне қан толу
- Көзінен от шашу
- Күйіп кету
- Күре тамырын адырайту
- Кірпігінен қырау таму
- Құйқа тамыры құрысу
- Қағанағы қарс //тарс// айырылу// жарылу//
- Қабағына қырау қату
- Қабағынан қар жауу //жауғандай//
- Қаны бұзылу
- Қанын ішіне тарту
- Қанына қараю
- Қатты келу / эвф. - *сыпайылап айту* /
- Қаһарға міну
- Қояншығы ұстау
- Оқ жыландай ысқыру
- Оқты көзімен қарау
- Өті жарылу
- Сақалын //шашын// жұлу//
- Тұлан тұту

- Танауы қусырылу
- Терісі тарылу
- Терісіне сыймау
- Тиісерге //ұрынарға// қара таппау
- Тұлан тұту
- Түгі сыртына шығу
- Түсін бұзу
- Шала бүліну
- Шалқасынан түсу
- Шап ете түсу
- Шарасынан асу
- Шорт, //морт //, //сыну// кету
- Шыж-быжы шығу
- Шыныдай шытынау
- Ызасы келу

12.ӨШГҮ –

- Жүрегіне //кеудесіне// қан қату
- Кек көру //сақтау//
- Көкірегіне кек қату

13.ЫҢҒАЙСЫЗДЫҚ –

- Екі ортада шыбын өлу
- Екі оттың ортасында қалу

14.РАХАТ СЕЗІМІ –

- Анасынан қайта туғандай
- Енеден екі туғандай
- Көзі шырадай жану*
- Көзі жарқ ете түсу*(қуану)

15. ӨКІНУ /бірнәрсеге/ -

- Аузын ұстап қалу
- Бармағын тістеу (шайнау)
- Жер сабап қалу
- Қап, әттеген- ай !
- Қапы қалу
- Опық жеу
- Өзегі өртену
- Өзегін тілу
- Пұшайман болу
- Санын соғу
- Іші удай ашу
- Ішін тырнау

16. БЕЙҚАМ –

- Алакөл асығынан келмеу
- Арқасын кеңге салу
- Асқар тауды тобығымен өлшеу
- Ешнәрседен //ештеңеден// хабарсыз
- Жағасы жайлау, төбесі қыстау
- Қаннен қаперсіз*
- Қаперіне кіріп те шықпау
- Ойына да келмеу
- Сырдың суы //тобығынан//, //жұлығынан// сирағынан келмеу
- Топан су тобығынан келмейтін
- Түсіне де кіріп шықпау
- Ұзын арқау //арқан // кең тұсау

17. ШЫДАМАУ –

- Жаны жай таппау
- Жүрегі алып ұшу*(қуанғанда)
- Қарар қылмау /көне/
- Сабыры кету (біту)

- Сабыр суы сарқылу (таусылу)
- Тағат таппау
- Төзімі //шыдамы// жетпеу
- Шыдап отыра //жата, тұра// алмау

18.АНТ -СУ ІШУ ТУРАЛЫ –

- Азар да безер болу
- Атым құрсын !
- Аясам арам болсын!
- Безек қағу
- Естісем құлағым керең болсын !
- Қасам ішу /кәне/
- Көрсем көзім шықсын !
- Құдай ақы !
- Құдай біледі !
- Құдай сақтасын !
- Құдайдың зарын қылу
- Мұрнымды //құлағымды// кесіп берейін !
- Нан ұрсын !
- Олда, білда !
- Өліп кетейін !
- Өтірік айтса /-м/ жаны /-м/ шықсын !
- Саған бермегенім өзіме де бұйырмасын !
- Сенен аяғанды ит жесін !

19.КӨЗІ ТИЮ –

- Көзі өту
- Сұғы өту
- Тілі өту

20. ЖОРАМАЛ, ДОЛБАР ЖАСАУ-

- Анық -қанығына көз жетпеу
- Сыртынан тон пішу

21. САСҚАЛАҚТАУ –

- Аузына сөз түспеу
- Аңырып қалу
- Бойын билей алмау
- Дегбірі кету

22.НАМЫСТАНУ –

- Шам көру
- Шамына тию

23.ШОШУ/кенеттен/-

- Астынан су шыққандай
- Жамбасына мұз батқандай
- Құйқа тамыры //төбе құйқасы// //тік тұру// шымырлау
- Селк ету
- Төбесінен суық су құйып жібергендей болу

24. ҚОБАЛЖУ –

- Бойына ас батпау
- Жегені желім болу
- Жүрегі май ішкендей болу
- Көңілі күпті болу
- Ішкен асы бойына тарамау*

25. ӨКПЕЛЕУ-

- Өкпе арту
- Өкпесін ала жүгіру
- Өкпесі қара қазандай болу

26. ҒАШЫҚТЫҚ –

- Ғашық отын жандыру
- Ғашық оты күйдіру
- Жанын өртеу
- Жүрек қылығ шерту
- Көңілі кету
- Көңіліне құрт түсу
- Көкірегіне от тастау //түсу
- Көрмесе тұра алмау
- Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылу
- Ықыласы ауу
- Ынтық болу
- Ынтызар болу

27. ТҮСІНБЕУ (түсінбеген кезде) –

- Аң -таң болу
- Неге екенін кім білсін
- Неге екені белгісіз

28. ҚОРЫҚПАУ(біреуден) –

- Айылын жимау /қарсы сөйлеу, қарсы әрекет ету/
- Міз бақпау
- Ойына кіріп те шықпау*(ештеңе ойламау)
- Шыбын шаққан құрлы көрмеу /елемеу/

29.ЖЫЛАУ -

- Ағыл- тегіл жылау
- Бетін жырту /өлімде/
- Бода -бода боп жылау
- Боз інгендей боздау
- Бордай егілу
- Ботадай боздау
- Боталаған нардай зарлау
- Ботасы өлген нардай зарлау

- Дауыс айту /салу /өлімге/
- Еңіреп жылау
- Еңірегенде етегі толу
- Еңкілдеп жылау
- Ебіл-себіл болу
- Екі көзі бұлаудай
- Жер бауырлап жату
- Жоқтау салу/өлімде/
- Зар жылау
- Зар илеу
- Зарлап қалу
- Көз жасы көл боп ағу
- Көз жасы сел болу
- Көз жасын бұлау
- Көз жасын сығу
- Көз жасына булығы
- Көзге жас алу
- Көзден жасы бұршақтау
- Көзін жас буу
- Көзін жасқа толтыру
- Көзінен жас кетпеу
- Көзінің жасы кеппеу
- Көзінің жасы көл болу
- Көзінен //жанарынан// жасы парлау
- Көзінен қанды жас ағу
- Көзінен сорасы ағу
- Көңілі босау /жыламсырау/
- Қан жылау
- Ой бауырымдау /өлімге/
- Ойбай салу /дауыс көтеріп жылау/
- Омырауы жасқа малыну //баялу
- Өксіп жылау
- Пора-порасы шығып жылау
- Сора-сорасы шығып жылау

30. КҮЛҮ –

- Езу жимау
- Езу тарту
- Екі езуі құлағында
- Етегін ашып күлу
- Жапшай күлу
- Жымың қағу
- Жырқылдап күлу
- Көзінен жас аққанша күлу
- Күлкі құшақтау
- Күлмең қағу
- Күлім қағу
- Қутыңдап күлу
- Қыран жапқандай күлу
- Қыран күлкі болу
- Қыран -топан күлу
- Миығынан күлу
- Мұртынан күлу
- Мырс ету
- Сылқ-сылқ күлу
- Тырқ-тырқ күлу
- Ыржаң қағу
- Ыржаң-ыржаң ету
- Ыржалаң қағу
- Ішегі қатқанша күлу
- Ішек-сілесі қатқанша күлу
- Ішін тартып күлу
- Ішінен күлу

31. ҚҰМАР БОЛУ –

- Аузының сілекейі ағу
- Жаны құмар болу
- Ішкен асын жерге қою

IV.Адамның физикалық қалпын бейнелейтін мағыналас фразеологизмдер

1.ӨЛІМ-ЖІТІМ ТУРАЛЫ-

- Ажал аузында
- Ажал жету
- Ажал қармағын салу
- Ажал нәубеті жету
- Ақ кебінге орану
- Әл /хал/ үстінде
- Әлсіз жату
- Басы кету
- Басын беру/алу/
- Басын жұлу \өлтiру\
- Басын қағу
- Басын қатерге тiгу
- Басын өлімге байлау
- Басып салу (*қарумен*)
- Бір аяғы көрде,бір аяғы жерде* /*кәрілікке де қатысты*/
- Дәм -тұзы таусылу
- Демі тоқтау /біту /
- Дүние салу
- Дүниеден аттану //кету// қайту//озу
- Дүниеден баз кешу
- Дүниеден //өту// көшу
- Жағы түсіп өлу/ *кәріліктен*/
- Жазатайым болу /*оқыста*/
- Жазым болу/*оқыста*/
- Жазым қылу/*оқыста*/
- Жан алқымға таяну
- Жан беру //үзілу
- Жан тәсілім қылу / беру/ жасау/

- Жан тәсілімге таяну
- Жаны ұстараның //пышақтың// //жүзінде// ұшында/
- Жаны пида болу
- Жаны/-н/ жаһаннамға //кету// жіберу
- Жанын беру
- Жанын құрбан қылу
- Жастай кету
- Жастығын ала жату/*ұрыс, соғыста*/
- Желкесін қию
- Жер қабу
- Жер қойнына ену /кіру/
- Жер жастану
- Жүкке салу /*ертеде көші-қон кезде жаса баланың шетінеу*/
- Жүріп кету
- Жұлдызы сөну
- Ит-құсқа жем болу/*иен далада өлу*/
- Кебін кию
- Кебіні киіндірілу
- Келмеске кету
- Көз жазып қалу **/адасып қалу/*
- Көзі жұмылу
- Көзін жою
- Көзіне құм құйылу /*дәрекі*/
- Көктей орылу /*жас өлімге қатысты айтылады*/
- Көр аузында
- Көр құшу
- Көрге тығу /кіру/
- Күні біту
- Кірпігі зорға қимылдау
- Қабір құшу
- Қаза болу
- Қаза кезегі келу
- Қазаға душар болу
- Қазаға тап болу
- Қайтпас /жолға /сапар шегу

- Қайтпас сапарға кету
- Қаны мойнында кету /жазықсыз өлтіру /
- Қанын жүктеу
- Қанын ұрттау /ішу/ /өш алу/
- Қара жер алу
- Қара жер төсек болу
- Құдай алу
- Қыршынынан қиылу /оқыста/
- Мәңгі ұйқыға кету /поэтикалық/
- Мүрдем кету /оқыста/
- О дүниеге сапар шегу /кету/
- О дүниелік болу
- Оққа байлау
- Оққа ұшу
- Олай -бұлай боп кету
- Өлі мен тірінің арасында
- Өлім алдында
- Өлім аузында
- Өлім жазасына кесілу
- Өлім келу
- Өмірін қию
- Өңменін үзу
- Үзіліп кету
- Сағаты /уақыты/ біту
- Сеспей қату
- Топырақ жамылу
- Тұяқ серіппеу
- Түбіне жету
- Тіл тартпай кету
- Үнін өшіру
- Шала жансар
- Шейіт кету
- Шетінеп кету /жас нәрестеге қатысты айтылады/
- Шырағы сөнуге /поэтикалық /

2. ШӨЛДЕУ –

- Аузы кебу
- Ерні кезеру
- Кенезесі //ындыны// кебу
- Қақырығы қан тату, түкірігі жын тату /*фольклор*/
- Қаны кебу
- Қаңырығы түтеу
- Сусамыр болу
- Таңдайы кебу
- Таңдайы -таңдайына жабысу
- Тілі аузына сыймау
- Тілі таңдайына жабысу

3. ТЕРЛЕУ –

- Қара суға //түсу// түскендей
- Қара сорпа болу
- Қара сүмек болу
- Қара тер болу
- Пора-порасы шығып терлеу
- Пұшпақтан тер ағу
- Сел /сел-сел/ болу
- Тер моншақтау
- Тер одан да, бұдан да кету
- Терге шомылу

4. ЖҮГІРУ /жылдамдық –

- Аяғы -аяғына жұқпау*/*асығыс*/
- Аяғы //өкшесі// жерге тимеу
- Бір аяғы анда, бір аяғы мында*/*асығыс*/
- Екі өкпесін қолына алып жүгіру
- Құстай ұшу

5. ҚОЗҒАЛМАУ -

- Қаққан қазықтай
- Қыбыр /тыбыр/ етпеу
- Табан аудармай отыру

6. ҰЙЫҚТАУ –

- Көз шырымын алу
- Көз ілндіру /ілдіру/
- Мызғып алу
- Тұяқ серіппей ұйықтау

7. ҰЙЫҚТАМАУ –

- Көзі ілінбеу
- Кірпік қақпау
- Таңды көзбен атқызу
- Таңды таңға ұру
- Түн ұйқысын төрт бөлу

8. ШАРШАУ –

- Ақ табан болу /көп жүргеннен/
- Аяғын алдырту /көп жүргеннен/
- Әбден қалжырау
- Болдырып қалу
- Діңкесі құру
- Жүйкесі босау
- Қан жілік болу
- Қан сорпа болу
- Қара сорпа болу*/терлеу/
- Құр сүлдері қалу
- Салдырап қалу
- Сілесі қату
- Табаны/нан/ таусылу

- Тақияда тамтығы қалмау
- Титығы құру
- Титығына жету
- Титықтап қалу
- Ілгері /алға /басқан аяғы кейін кету

9.ТОҢУ / МҰЗДАУ /-

- Дірдек //бүрсек// қағу
- Жағының боздағы шығу
- Жақ жүні үрпию
- Жаураған торғайдай болу
- Иегі иегіне тимеу
- Иегін сақылдату
- Қалш-қалш ету*/*ашуланғанда*/
- Құты қашу* /*қорыққанда*/
- Тісі тісіне тимеу

10. АУРУДАН ҚИНАЛУ –

- Бебеу қағу/*ауруға шыдамау*/
- Жаны көзіне көріну*/*қорқу*/
- Жанын қоярға жер таппау
- Зар қақсау
- Көзінен сорасы ағу*/*жылау*/
- Қан сорпасы шығу*/*терлеу*/
- Қол тигізбеу
- Қолқасын суырып әкеткендей
- Сай сүйегі сырқырау
- Тұла бойы тітіреу

11. АҚЫРЫН,БАЯУ /жүріс туралы/-

- Тасбақа жүріс
- Өгіз аяң

12. ЕКІ ҚАБАТ ӘЙЕЛ ТУРАЛЫ-

- Айы- күні жақын/дау //болу
- Айы -күніне жетіп отыру
- Аузы - мұрнынан шығып отыру
- Аяғы ауыр
- Бойына бала біту
- Құрсақ көтеру

13. ӘЙЕЛДІҢ БОСАНУЫ ТУРАЛЫ –

- Жас босану
- Қол аяғын бауырына алу
- Тікенінен ажырау
- Тікенегі сыртқа шығу

14. БЕТІ ҚЫЗАРУ */эмоцияға қатысты/ -*

- Балбұл жану
- Нұр жайнау
- Нарттай қызару

V. Адамның сөйлеу дағдысы туралы

1.КӨП СӨЙЛЕУ */адамның жағымсыз қасиеті туралы/-*

- Аузы сөзден босамау
- Жағы тынбау
- Көбік ауыз */жақтырмау/*
- Көк */ала / мылжың /жақтырмау/*
- Көп сөйлеп, көбігін сапыру
- Құлағының етін жеу
- Құлақ сарсыту */жақтырмау/*
- Қу таңдай */мысқыл/*
- Қызыл өңеш
- Қызыл тілін қырық орау
- Малтасын езу

- Миды жеу/*жақтырмау*
- Сөз бермеу
- Сөзге қонақ бермеу
- Сөзді жүндей сабау /*кекесін*/
- Тіл мен жағына сүйену /*жақтырмау*/

2. ДӨРЕКІ СӨЗ / ДӨРЕКІ СӨЙЛЕУ –

- Құлаққа түрпідей тию
- Сөзі //тілі// қыршаңқы
- Сөзінің бір кілтипаны бар
- Сөзінің төркіні жаман*/*күдікті*/
- Сөзі түйеден түскендей
- Сұм тілді
- Тоң мойын мінез, томырық сөз
- Түйеден түскендей етіп сөйлеу

3. СӨЗДІ ӨСІРІП АЙТУ –

-)
- Көптіріп сөйлеу
- Қара аспанды төндіру //жаудыру// суға алдыру*
- Қосып жіберу
- Қырық /он екі/ саққа жүгірту
- Құрыққа сырық жалғау*/*өтірік*/
- Өңін айналдыру
- Өтірікті судай, ақсақты тыңдай /етіп /айту
- Түймедейді түйедей ету

4. ӨТІРІК АЙТУ –

- Аузы -мұрны қисаймай
- Бет аузы бүлк етпей
- Жүзі жанбау

- Құрыққа сырық жалғау
- Өтірікті судай сапыру
- Өтірікті судай, ақсақты тыңдай
- Сөздің майын мың тамызу (*алдан-сулап өтірік сөйлеу*)

5. ТӘН АЛМАУ –

- Азар да безер болу
- Аттан түссе де, үзеңгіден түспеу (*жеңілісін мойындамау*)
- Байбалам салу
- Бет бақтырмау

6.ӨСЕК СӨЗ, ӨСЕК АЙТУ –

- Ағаш аттың басына /мінгізу/ шығару (өсектеу)
- Алып қашпа әңгіме
- Артына сөз ілестіру
- Артына шала байлау
- Жаяу өсек
- Күңкіл қылу
- Қаңқу сөз
- Қатын өсек
- Қауесет хабар
- Құйрығына шала байлау
- Өсек аяңға үйір болу
- Өсек басты болу
- Өсек жайылу /гулеу
- Өсек тасу /теру
- Өсекке шалыну
- Өсектің аяғы ұзын
- Өсекті қарша борату
- Сөз ерту
- Сөз келтіру
- Сөз қыдырту
- Суық сөз*/*жамандық хабар*/
- Сыпсың сөз

9. УӘДЕСІЗ –

- Құрғақ уәде
- Өз сөзін аяқ асты қылу
- Серттен таю
- Сөзден айну
- Сөзін бұзу
- Сөзін сиыр құйымшақтандыру
- Сөзінде пәтуа //тиянақ//, //байлау// жоқ
- Су аяғы құрдымға жіберу /батыру/
- Уәдеде тұрмау

УӘДЕЛЕСУ

- Атымды басқа қой /де/ (уәделескенде, сертескенде айтылады)
- Кеуделеріне құран ұстау
- Қол алып, төс соғыстыру
- Қол соғысу
- Құдай дескен
- Сөз байлау /байласу/
- Сөз беру
- Сөзі сөз
- Сөзінде /сертінде/, \уәдесінде/ тұру
- Сөз ұстау

10. БЕЛГІСІЗ ЖАЙТ-/үміт ету/

- Бәлен деуге болмайды
- Бір құдайдың өзі білсін
- Құдай //қаласа// бұйырса

11. ӘҢГІМЕЛЕСУ –

- Әңгімеден әңгіме туу
- Мұңын шағу

- Сөзден сөз туу/шығу/
- Шер тарқату
- Шерін //басу// шығару

12.СӨЗДІҢ ТОҚ ЕТЕРІ –

- Жалпы мазмұны
- Ұзын сөздің қысқасы //түйіні
- Ұзын ырғасы
- Шама шарқы

13.ШЕШЕН, ТАПҚЫР СӨЙЛЕУ –

- Ағып тұрған /сөзге/
- Аттыға сөз, аяқтыға жол бермеу
- Аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермеу
- Қара сөзді қамшы қылу
- Қызыл тілден май тамызған
- Нақышына келтіріп сөйлеу
- Орақ ауыз, от тілді
- Өткір тілді
- Сөз баққан
- Сөзі мірдің оғындай
- Сөзінің уыты бар
- Су жорға
- Су жықпас шешен
- Су төгілмес жорға
- Сылдыр көмей, жез таңдай
- Топ жарған /шешен/
- Топтан озған жорға
- Топтан торғай шалдырмас
- Тіл мен жағын безеу
- Тілге бай
- Тілге жүйрік //ұста

- Тілдің майын тамызу //ағызу
- Тілі мірдің оғындай
- Тілін безеу
- Тілінен бал таму

14. АЙТПАУ /ҮНДЕМЕУ-

- Аузына маржан салу
- Аузына құм құйылу
- Дабыра //қылмау// етпеу
- Жақ ашпау
- Жұмған аузын ашпау
- Жұртқа жаймау
- Жабулы қазан жабуымен қалу
- Мал құлағы саңырау
- Пәлен демеу
- Сыр шашпау
- Тіс жармау
- Тіс жарып сөйлемей

15. ЖАУАБЫН ҚАЙТАРУ/әрекетке байланысты/ -

- Алдына келтіру
- Қаруын қайтару
- Қарымтасын қайтару
- Өз табағын өзіне тарту

16. АЙҚАЙ /қатты түрі/-

- Дауысы құлақ жару
- Жан даусы шығу
- Жер көкті басына көтеру
- Құлында құлыны шығу
- Құлындағы дауысы құраққа шығу
- Құлындай шырқырау

17. АЙТУ МӘНЕРІ /ойды, сөзді/-

- Ағынан жарылу
- Алдына жайып салу
- Ашығын айту
- Барын //салу// төгу*/қолы ашық/
- Майдан қыл суырғандай /анықтап айту/
- Майын тамызу/әсерлі етіп айту/
- Құлағына құю*/түсінікті етіп айту/
- Қолмен қойғандай етіп айту
- Өнерін салу*/барынша тырысу/
- Судай сөйлеу /басқа тілде/
- Таңдайы тақылдау
- Тақырлап айту /диалект/
- Тілін безеу

18. СӨЙЛЕСУ, АЙТУ –

- Ауызба - ауыз айту
- Ауызекі сөйлесу
- Беттесіп сөйлесу
- Жата-жастана сөйлесу
- Жалпақ тілмен айту
- Сөз қату
- Үн қосу

19. ӨТКІР ТІЛ –

- Орақ ауыз, от тілді*/шешендік/
- Өткір тілді
- Тілі мірдің оғындай*/ шешендік/

20. СӨЗІН ЕЛЕМЕУ -

- Қаперіне /-де/ алмау

- Сөзі аяқ асты болу /сөзін аяқ асты ету/
- Сөзі далаға кету
- Сөзі жерде қалу
- Сөзі зая болу
- Сөзін бит шаққандай көрмеу
- Сөзіне құлақ аспау

VI. Адамның жеке басына қатысты қасиеттері туралы айтылатын мағыналас фразеологизмдер

1. МІНСІЗ –

- Жерден пішіп алғандай **/шеберлік/*
- Молдан ойып алғандай
- Қолмен қойғандай
- Қыздың жиған жүгіндей

2. САБЫРЛЫ -

- Ақпан соқса да өлмейтін, тоқпан соқса да өлмейтін */шыдамды/*
- Етінен ет кессе де мыңқ/былқ/ етпеу
- Жер жылыжыса жылжымау
- Жер қозғалса да қозғалмау
- Үстінен түйе өтсе де былқ етпеу

3. АҚ КӨҢІЛ-

- Аузын ашса көмекейі көрінетін
- Кеудесінде инедей кірбеңі жоқ
- Құлық - сұмдықты білмейтін
- Терісі кең

4. БАТЫРЛЫҚ –

- Жүрегінің түгі бар

- Жүрек жұтқан
- Жылан жұтқан
- Көзсіз батыр
- Көкжал бөрі
- Қасқыр жүректі
- Табаны жаудан таймаған

5. ШЕБЕР –

- Ағаштан түйін //түйме// түйю
- Балды бармақ
- Бармағынан бал таму
- Бес аспап
- Бит қабығынан биялай тоқу
- Жердің жарығын бітеу*/*тынымсыз, еңбекқор/*
- Қолы епті /жүйрік/
- Қолынан мөрі таму
- Он қолы он кісі, қара басы бір кісі
- Он саусағынан //қолынан//, //бармағынан// өнері тамған
- Темірден түйме түйю
- Ісмер адам

6. ЖОМАРТ –

- Кең пейіл
- Қолы ашық

7. АДАЛ –

- Аққа құдай жақ
- Біреудің ала жібін аттамау
- Судан тұнық, сүттен ақ
- Сүттей ақ, судай таза

8. МЕРГЕН –

- Атқан оғы айнымау
- Атқан оғы далаға кетпеу
- Иненің көзінен өткізу
- Құралайды көзге ату
- Мергеннің мергені
- Сұр мерген
- Шидің шетіне қонған шегірткені атып түсіру

9. ЕПТІ –

- Жұғымы бар \адам\
- Жүзіктің көзінен өткендей*/сүйкімді/
- Жібi //сөзі// ширақ*/нысық/
- Қолы жүйрік
- Қолы қолына жұқпау
- Оңқай асықтай жылдам

10. СЫПАЙЫ -

- Қыз мінезді
- Қыздай сызылған
- Сөзі майда
- Тойған қозыдай*/сүйкімді/
- Ізет /әдеп/ сақтау

11. ЖАЛҒЫЗ АДАМ ТУРАЛЫ –

- Қарақан қу басы
- Қу тізесін құшақтау
- Құт қара басы
- Соқа басы
- Сопайған соқа басы

12. НИЕТІ ЖАҚСЫ АДАМ –

- Көңілі түзу

- Ниеті мақұл //ақ//, //жақсы//, //түзу// дұрыс
- Сәлемі түзу
- Ықыласы түзу

13. ЖУАС –

- Қой аузынан шөп алмайтын
- Қойда-н/-й/ жуас
- Қойдан қоңыр, жылқыдан торы
- Мұрнын тескен тайлақтай

14. АШ КӨЗ –

- Құдай құлқынын алу
- Құлқыны ашылу
- Құлқыны жаман
- Құлқынының құлы

15. МАҚТАНШАҚ АДАМ –(қасиеті, кейпі туралы)

- Айдарынан жел есу
- Ауызбен айды алу
- Ауызбен орақ ору
- Жел өкпе
- Кеппе кеуде
- Көбік өкпе
- Көнектей болу
- Күбідей ісіну
- Қызыл сөзден бал жағу
- Мақтанның құлы
- Танауы шелектей болу
- Ісіп - кебу

16. ПАРА БЕРУ ТУРАЛЫ –

- Алақанына қыстыру

- Артқы есікпен жүру
- Аузын алу
- Бара берме, пара бер
- Бармақ басты, көз қысты
- Жауырды жаба тоқу
- Жең ұшынан жалғасу
- Көз жұмбайға салу
- Көмейін босату
- Көмейін бітеу
- Көмейін тығындау
- Көмейіне бірдеңе өткізу
- Құлқынына тығу
- Малды шашу
- Мұрттын майлау
- Ішкізіп, жегізу

17. САРАҢ –

- Аузын қу шөппен сүрту
- Жер жастанып, су сүйеніп отыру
- Жеті атасын мал өлтіру
- Жұмыртқадан жүн қырыққан
- Қарабайдай сараң
- Қолы қатты
- Қолы тар
- Қу бастан қуырдақ алған
- Құнанын құдайындай, тайын тәңіріндей көру
- Тас болу
- Шық бермес Шығайбай

18. ОПАСЫЗДЫҚ –

- Дастарханын аттау
- Дәмін арамдау
- Дәм-тұзын аттау
- Күле кіріп, күңірене шығу

- Құдай сүйер қылығы жоқ
- Су ішкен құдыққа түкіру
- Тамағын ішіп, табағына т...у /дөрекі/

19. ҚЫЗҒАНЫШ –

- Жарылып өлу/*қызғаныштан*/
- Көре алмау
- Өзегі өртену
- Өзегіне //шоқ // құрт түсу*/*зашықтық*/
- Іш тарлық жасау
- Іші әлем –жәлем болу*/*өкініш*/
- Іші жарыла жаздау
- Іші күйю
- Іші у жалағандай болу*/*өкініш*/
- Ішіне қыл //шынашак//, //пышак// айналмау

20. БАТЫЛСЫЗДЫҚ

- Батылы //дәті// бармау
- Жүзі //беті// қайту
- Жүрегі дауаламау
- Жүрегі //көңілі// шайлығы

21. БЕРЕКЕСІЗ ІС –

- Әр нәрсенің басын бір шалу
- Басы бапан, аяғы сапан
- Кенеуі кету
- Қалай болса, солай
- Қоярға жер таппау /*бірдеңені* /
- Сәні кету

- **22. УӘДЕШІЛ –**

- Аяғы сұйылып кету/*уәденің*\
- Әзір асқа аяғын ала жүгіру*/*жалқау*/
- Әзір асқа тік асық*/*жалқау*/
- Басы таудай, аяғы қылдай /*уәденің*\
- Қашпаған қашардың //сиырдың// уызы */*дәмету*/
- Құрғақ уәдеден қуырдақ қуыру
- Сиыр құймышақтану /-ып/ кету/
- Сөз /су/ аяғы құрдым
- Сөз бұйдаға салу
- Сөзі екі ұшты
- Уәдеге күпті болу

23. ЖАЛҚАУЛЫҚ –

- Ай қарап, жұлдыз санау
- Айдабол, ас ішкенде пайда бол! /*әжуа*/
- Ас ішіп, аяқ босатар /*жақтырмау*/
- Жатып ішер
- Жұмысқа қолы бармау
- Кежегесі кейін тарту
- Керенау тарту
- Көк жалқау
- Көк желкесінен тарту
- Қазан үстінен күн көру
- Қол қусырып қарап отыру
- Қолынан боқ та келмеу /*менсінбеу*/
- Құр нан соғар /*жақтырмау*/
- Мойны жар бермеу
- Омалып отыру
- Он /мың/ салса бір баспау
- Тұяғы қимылдамау
- Тышқан мұрнын қанатпау*/*сараңдық*/
- Шошқа тағалау /*мысқыл, әжуа*/
- Шөптің //бұрау//, //қурайдың// басын сындырмау

24. ТҮСІНБЕСТІК –

- Ақылға сыймау
- Көңілге қонбау
- Миға кірмеу
- Миына қонбау
- Мұрнына иісі келмеу

25. БОС БОЛБЫР АДАМ –

- Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсу
- Бос белбеу
- Қамшысын алып беруге жарамау /жақтырмау/
- Қуыс /қурай/ кеуде /жақтырмау/
- Орнына қуыс қурай /кекесін/
- Сиырдың жас боғындай /дөрекі, мазақ/
- Су мұрын /жақтырмау/
- Сүйегі жасық /менсінбеу/
- Түйе үстінен ит қапқан*/икемсіз/
- Тірі өлік /жақтырмау/

26. ЫНТЫМАҚСЫЗ –

- Басы бір қазанға сыймау
- Басы бірікпеу
- Сыйыса алмау

27. ТҰРАҚСЫЗ –

- Әр нәрсенің басын бір шалу
- Не болса соны айту*/мылжың/
- Табаны тайғақ
- Табанының бүрі //бұдыры// жоқ

28. СҰҒАНАҚ –

- Қасапшының пышағындай //итіндей// жалаңдау
- Сумаң қағу
- Сұғанақ көз
- Өліп кете жаздау*/*ашкөз*/

29. САЛАҚ, ЛАС –

- Боғы ботқа, сідігі сірке /*дөрекі*/
- Қазанына қаспақ қатқан
- Қазанының қаспағы бес елі
- Қалай болса, солай*/*берекесіз іс*/
- Майлы қолтық, салпы етек /*әйел*/
- Нас басқанды бит басқан

30. ПЫСЫҚ –

- Атқа мінер
- Аттыға //аяқтыға// жол, ауыздыға сөз бермеу
- Аузының //қолының// ебі бар
- Есіктен шықса тесіктен, тесіктен шықса есіктен келу
- Жанып тұрған от /*сүйсіну*/
- Жүзіктің көзінен өту*/*сүйкімді*/
- Қолды - аяққа тұрмау /*тұрмайтын*/
- Майлығы мен сулығына бірдей/Майлық пен сулыққа бірдей
- Өз тасын төрттен қою (*өз пайдасына шешу*)

31. МЕЙІРІМДІЛІК –

- Алпыс екі тамыры ию
- Ет-жүрегі елжіреу //езілу
- Жаны ашу
- Мейірі //көңілі// түсу

32. МЕЙІРІМСІЗ –

- Кесіп алса қан шықпау
- Көн көңілді
- Тас бауыр
- Тезі қатты

33. ҚАТАЛ –

- Без бүйрек
- Бет бақтырмас
- Жаннан безген
- Кесіп алсаң қан шықпайтын жан*/*сараң*/
- Қатты кісі
- Құдайдан безген
- Сегіз кесе де сіркедей қан шықпау*/ *сараң*
- Тас бауыр*/*мейірімсіз*/
- Тастан қатты

34. ҰРЫ ТУРАЛЫ –

- Баукеспе ұры
- Көк тақым ұры
- Қан шелек
- Қанды балақ қарақшы
- Қолының сұғанақтығы //жиендігі//, //жымысқысы// бар
- Сары тоқым
- Суық қолын сұғу
- Іліп /қағып/ кеткіш

35. ҚЫҢЫР –

- Кер езу
- Қияңқы мінез
- Қыңыр мойын

- Сыңар жақ /езу/

36. ЖАЛТАҚТЫҚ –

- Жалтаң көз болу
- Жаутаң қағу
- Көген көздену
- Күні қараң
- Қолына қарау
- Табанының бүдірі болмау/жоқ/

37. АҚЫЛСЫЗ –

- Ақылы алқымынан аспау
- Ақылы ауу //ауып кету//
- Ақылы к...інен аспау/дәрекі/
- Ақылдан кенде болу
- Ақылдан шайнам жоқ
- Ақылы //тапшы// келте
- Есектің миын жеген
- Тауықтың миындай ми жоқ

38. БАҚЫТСЫЗ, СОРЛЫ-

- Маңдайының соры бес елі
- Соры арылмау
- Соры қайнап, сорпасы төгілу
- Соры қайнау
 - Соры сопақ астаудай

39. ҚАНЫПЕЗЕР АДАМ –

- Қанға жерік
- Қан құйлы
- Қаны бұзық
- Қара ниет //көңіл//

40. МЕНМЕНДІК –

- Бақайына келтірмеу
- Жеңімен //жең ұшымен// сәлем беру
- Жер-суға сыймау
- Кердең басу /*мысқыл*/
- Кеуде көтеру //көрсету
- Кеудесін қағу*/*мақтаншақ*/
- Көшеге сыймай жүру /*кекесін*/
- Құдайын ұмыту/*жақтырмау*/
- Құлақ аспау
- Мұрнынан есек құрты түсу*/*мысқыл*/
- Мүйізі шығу
- Түкірігі жерге түспеу
- Ханға сәлем бермеу

41. ЖАЛПЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТУРАЛЫ –

- Ақылы азық, сөзі сусын
- Аузы /сөзі/ дуалы
- Аузына қарату /*елді, жұртты сөзі мен ісімен*/
- Әдеп /тәрбие/ көрген
- Қара жаяу емес /*әр нәрседен хабары бар*/
- Құйма құлақ
- Құр алақан емес
- Сөз ұстар /ұстаған/

42. ҚУ, АЙЛАКЕР

- Биттің ішіне қан құйған
- Бір тасы қойнында жүру
- Ит к...нен ине алған
- Жер құртқан
- Жыланның аяғын көрген
- Қырық қалталы
- Мүйіз ішінде жасырыну (*жамандығы ішінде*)

- Тырнағын көрсетпей сыйпау (*құлығы ішінде*)

VII.Адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайы, орны, тұрмысына қатысты фразеологизмдер

1. ЕРЕКШЕ БОЛУ /КӨРІНУ /-

- Елден ерекше
- Көзге шыққан сүйелдей /*жсек көру, ұнатпау*/

2. АТАҒЫ ШЫҒУ –

- Атадан асып туу
- Атағы жайылу
- Атағынан ат үркетін
- Атаққа ие болу
- Даңқы шығу
- Дүрілдеп тұру
- Ел аузына іліну
- Көзге түсу
- Мыңнан озған, жүзден жүйрік
- Мыңнан жүйрік, жүзден тұлпар

3. АБЫРОЙЛЫ БОЛУ –

- Беделі көтерілу //арту//
- Мерейі /мәртебесі/ үстем болу
- Шоқтығы биік болу

4. БАСТЫҚ БОЛУ –

- Дәурені жету //келу
- Дәуірі жүру
- Дүниенің тұтқасын ұстау
- Жіліктің майлы басын ұстау /*пайдалы қызмет*/
- Заманы келу
- Қазанның құлағын //тұтқасын/ ұстау

5. ЖОҚТЫҚ –

- Ағаш ерге жіп ұйысу
- Ит мініп, ирек қамшылау
- Қолы қысқа
- Тапқаны тамағына, жұтқаны жұмырығына/-н/ жетпеу //артылмау

6.БІРГЕ ӨСУ–

- Бірге өсіп, біте қайнау
- Жұбын жазбай бірге өсу
- Құлын -тайдай тебісіп бірге өсу

7. СҮЙЕУІ ЖОҚ –

- Байпағынан басқа сүйенері жоқ
- Еш бір арқа сүйері жоқ

8. ТЕҢ КЕЛМЕУ /біреуге, бірнәрсеге салыстырмалы түрде менсінбегенде айтылады/ -

- Астар бола алмау
- Басқан ізіне тұрмау /менсінбеу/
- Жіп те есе алмау
- Садаға кетсін! /менсінбеу/
- Тұяғына тең келмеу /менсінбеу/
- Тырнағына тұрмау /қорашсыну/
- Ширегіне тең келмеу

9. ДӘРЕЖЕСІ ТЕҢ БОЛУ-

- Есіктегі басы төрге жету
- Қатарға қосылу
- Санатқа ілігу //қосылу
- Таразысы тең
- Терезесі тең болу

- Өз аяғына мініп кету

10.ЖАСЫ ҮЛКЕН АДАМДАР–

- Ақ сақал, қара сақал
- Арқа сүйеу/таяныш
- Бір көйлек бұрын тоздырған
- Жолы үлкен
- Кәрі //көне// құлақ
- Кәрі шөңге /айласы көп/
- Көне көз
- Көпті көрген
- Сөзі өтімді **/кейде жасқа қарамай беделге қатысты айтылады/*
- Ыстық суықты көрген

11.СЫРТҚА ТЕБУ-

- Адам қатарына қоспау /менсінбеу/
- Алыс /бөтен, //жат/, санау /көру/
- Арам без көру
- Далада қалу
- Ел қарасын көрмеу /көрсетпеу
- Елеусіз қалу
- Кеудесінен итеру
- Көзге ілмеу
- Қиыр жайлап, шет қону
- Санаттан шығару /елемеу/
- Санда бар, санатта жоқ
- Сыртқа тебу
- Шет қақпай болу
- Шетке қағу
- Шетке шыққан саяқтай кету
- Шіріген жұмытқа **/бас тарту/*

12.КЕДЕЙЛІК ТУРАЛЫ-

- Асқа бағу (жарымай отыру)
- Ата - бабасынан түк көрмеу
- Аузы аққа жарымау
- Ауы атқа, аузы асқа жарымау
- Биті балағына түсу
- Битін қуырып жеу
- Битін сығып, қанын жалау
- Жұрдай болу
- Ері мойнына кету
- Ер тоқымын арқалап қалу
- Иті үрмей, түндігі ашылмай қалу
- Кедейдікі көзеде
- Кедейдің аузы аққа тисе мұрны қанайды
- Кедейдің жеті қаңтаруы бар
- Кедейдің терісі қалың
- Кедейге келер жеті қырсық бар
- Келте тон
- Қалтасы жұқа/ тесік/
- Қара қасқа кедей
- Қара сирақ кедей
- Қара табан
- Қолы қысқа
- Қызыл сирақ кедей
- Маңдайында түгі жоқ
- Негізі жарымау
- Сыйпай жалақ болу (тоймай, жарымай қалу)
- Сіңірі шыққан кедей
- Сирағы шыққан кедей
- Тақия тамтығы қалмау*/*бір нәрсенің соңында ұзақ жүру/*
- Тақыр кедей
- Тап -тақыр жарлы
- Тапқаны тамағына, жұтқаны жұмырына жетпеу
- Тесік өкпе
- Тышқақ лағы жоқ
- Үрерге иті, сығарға биті жоқ

- Шыр бітпеген кедей
- Шілдесінде шырақ көрмеу
- Ындыны жарымау
- Ыңыршағы шыққан кедей

13.ЖОЛЫ БОЛУ –

- Айдарынан жел есу
- Асығы алшысынан түсу
- Екі дүние – бір қадам
- Жалғанды жалпағынан басу/*кекесін*/
- Жұлдызы жоғары
- Қайығы желге өрлеу
- Мандайының бес елі бағы бар
- Сырдың суы тобығынан келмеу/*мысқыл*/
- Тасы өрге домалау
- Ырысы кере қарыс

14.БАЙЛЫҚ –

- Ақшаны күреп алу
 - Ас та түк, сый құрмет көру
 - Асқан мен тасқан
 - Аузынан ақ май ағу
 - Дәулет біту
 - Дәулетіне сәулеті сай
 - Дүниені шайқап өту
 - Кекірік ату */байлықтан/*
 - Кенеліп қалу/*аяқ астынан/*
 - Кекірік ату
 - Көйлегі көк, тамағы тоқ болу
 - Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ**/уайымсыз/*
 - Мал біту
 - Малға бөгу
 - Не ішіп, не жеймін демеу
- Төрт құбыласы түгел

- Төрт түлігі сай
- Ұрттап ішіп, шайқап төгу
- Ұрты мен мұрты бідей май болу
- Үлде мен бүлдеге орану
- Шайқап төгіп, үріп ішу
- Шайқап өту
- Шаш етектен малыну
- Шен алып, шекпен кию*/мансап/
- Шен құмар болу*/мансап
- Шілденің сары қоңызындай түлеу/*арам жолмен байлыққа жету/*
- Ішкені алдында, ішпегені артында

15. МЫҚТЫ ЕМЕС-

- Аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ*/жақтырмау/
- Ешкімнің пікірі /пірі/ емес*/менсінбеу/

16.МОЛШЫЛЫҚ-

- Ағаштан бал, шөптен сүт ағылу
- Ақ түйенің қарны жарылу
- Ат көпір
- Байлығы тасу
- Ит басына іркіт төгілу
- Шаш етектен олжаға бату

17. МЕНСІНБЕУ-

- Адам /кісі/ құрлы көрмеу
- Адамға санамау
- Артын да /к...ін де / сұртпеу /*дәрекі/*
- Бойына тоғытпау (менсінбеу)
- Дөнен итше кергу (менсінбеу)
- Кеудесі /ноқаласы/ өсу
- Көзге ілмеу
- Көзінің көлеңкесін қиғаш түсіру (менсінбеу)

- Қонышына теңгермеу
- Қор тұту
- Мұрнын шүйіру
- Пысқырып та қарамау
- Санақта бар, санда жоқ **/елемеу/*
- Таяқ //шыбық//, //шырпы//, //шыбын//, //бұйым// құрлы көрмеу
- Тоқалдан туған **/кемсіту/*
- Төмен санау

18. СЫЙЛЫ, ЕЛЕУЛІ, АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ АДАМДАР ТУРАЛЫ-

- Айта қаларлықтай
- Алаштың азаматы
- Анау мынау емес
- Асылдың сынығы, шұғаның қиығы
- Атағы дардай
- Ауыз толтырып айтарлықтай
- Ауылды аузына қаратқан
- Бетке ұстары
- Екінің бірі емес
- Ердің ері, егеудің сынығы
- Нокта ағасы
- Қасқа мен жайсаңы
- Қой ішіндегі марқа /марқасқа/
- Мүйізі қарағайдай
- Ортан қолдай
- Пір тұту
- Сайдың тасындай
- Сен тұр мен атайын
- Сорпаға //сорпаның бетіне// шығары
- Сөзі өтімді
- Сүт үстінде қаймақ
- Халқының қалаулысы, елінің елеулісі
- Ығай мен сығай

19. ҮЗДІК /ОЗЫП ШЫҒУ-

- Алдына жан салмау
- Бәйгені шаппай алу
- Елден ерен //ерекше// шығу
- Жеке дара
- Жұрттан ала бөтен
- Маңдай алды болу
- Топ жару
- Топтан озу

VIII.Адамның сыртқы түр әлпеті, жас мөлшері туралы

1.ЖАС МӨЛШЕРІ /бала, бозбала шағы/

- Ана сүті аузынан кетпеу /кетпеу/
- Ақ жұмыртқа сары ауыз
- Балақ жүні жетпеу //жетілмеу
- Басының дымы кетпеу (жас)
- Бесіктен белі шықпау
- Бесік табы арқасынан кетпеу
- Бойы //қабырғасы//қатып, буыны бекімеу
- Буыны бекіп, бұғанасы қатпау
- Ернінен енесінің емшек сүті кетпеу
- Жаңа //жас// өспірім
- Жарда ойнаған лақтай кезі
- Жас түлек
- Жас уыз//Уыздай жас
- Жұдырықтай бала
- Көген көз
- Көгендегі төлдей
- Көк қауырсын
- Көк өрім
- Қанаты қатпау
- Қара сирақ //қара борбай// бала
- Қаршадай //қарғадай// бала

- Қаршадай басынан
- Қарын шашы алынбаған
- Қызылқарын жас бала
- Қызыл шақа
- Мұрнынан сорасы ағып жүрген
- Өрімдей жас
- Сары ауыз
- Сары қарын, жас бала
- Ши борбай

2.ЕРЖЕТУ- (сипаты)

- Ат жалын тартып міну
- Жақсы -жаманды ажырату
- Ересек тарту
- Кемеліне келу
- Мұрты тебіндеу
- Мұртына ұстара тию
- Оң қол, сол қолын тану
- Оң мен солын тану //айыру
- Оң мен солына қарау
- Ой тоқтату
- Өз атының басын өзі алып жүру
- Өз қолы өз аузына жету
- Өлер жерін білу
- Сақалы шығып жат болу

3. ЖАС МӨЛШЕРІ-/орта жас/

- Ер ортасы жасқа келу
- Жасы жер ортасына келу
- Көк сақал
- Орта жасқа келу
- Самайын қырау шалу

- Сары қарын /әйелдерге қатысты айтылады/
- Шашына қырау түсу

4. ЖАС МӨЛШЕРІ-/кәрілік/

- Ажары кету
- Ақ сақалды, сары тісті
- Ақ сөңке
- Жер таянған шак
- Кәрі құлақ
- Кәрі тарлан
- Кәрі шөңге
- Кексе тарту
- Көз жанары суалу
- Көзінің нұры таю
- Көк сақал
- Сақалы бурыл тарту
- Сары жілік
- Сары тіс, сары сақалды
- Тарлан тарту
- Ыстық-суықты көп көру

5. АДАМ ТУРАЛЫ –

- Жұмыр басты пенде
- Тірі жан

6. СҰЛУЛЫҚ, СЫМБАТТЫЛЫҚ –

- Адам айтқысыз / айтып болмас
- Адамнан асқан сұлу
- Айдай аузы, күндей көзі бар
- Алтын асықтай
- Атқан таңдай
- Ауызға үріп салғандай
- Ауызбен айтып жеткізе алмау

- Жаңа туған ай/дай/ секілді
- Жаяу жатып, атты түсіп қарағандай
- Келбетті келген
- Киіктің асығындай
- Көз сүріну
- Көргеннің көзі тойғандай
- Қараса көз /жан/ тоймау
- Қаса сұлу
- Құланның құлынындай
- Құлын мүшесі бұзылмаған
- Қырдың қызыл гүліндей
- Қырмызыдай ажарлы
- Оймақ ауыз
- Он төртінде туған тайдай
- Сағағынан үзілген
- Сүмбідей әдемі
- Тілмен //ауызбен// айтып жеткізе алмау
- Үріп ауызға салғандай
- Хордың қызындай

Бел – білек

- Ақ білек
- Белі қылдай
- Бұраң бел
- Жұмыр білек
- Қынай бел
- Қыпша бел
- Құмырысқа бел

Бет (ажар) -

- Алма бет
- Аршыған жауқазындай //жұмыртқадай
- Ай қабақ, алтын кірпік
- Ақ құба
- Ақ торғын

- Ақша бет /мандай
- Атқан таңдай
- Екі беті алмадай
- Мөрі таймаған*/*жас кезіндегі сұлулық*/
- Қызылы қызыл, ағы ақ

- **Көз** -
- Айна көз
- Ай десе аузы, күн десе көзі бар
- Бадана көз
- Жәудір көз
- Көзі қарақаттай
- Күлім көз
- Қарақат көз
- Қой көз
- Құралай көз
- Оймақ ауыз, күлім көз
- Тана көз

Қимыл-қылық сұлулығы

- Ақ сазандай бұлықсып /*ауыз әдебиетінен*/
- Жүйрік аттай ойқастап
- Кер марадай керілген, бір басарға ерінген
- Құнан қойдай бой тастап
- Толған айдай толықсып
- Томағасын алдырған ақ сұңқардай
- Тотыдайын тараған, сұңқардайын сыланған

Мүсін –

- Аққудың көгілдіріндей
- Алтын асықтай
- Құланның құлынындай
- Сымға тартқан күмістей
- Сырдың құба талындай

Мойын -

- Алма мойын
- Аққу мойын

Төс -

- Аршын төс

Түр, келбетке қатысты қимылдар

- Ақ саусақ *(әйелге қатысты)*
- Ақ алақан *(әйелге де ерлерге де қатысты)*

Жігіт сұлулығы

- Арыстандай айбатты, қабыландай қайратты
- Бұлшық еті тоқпақтай
- Диірменнің кесек тасындай
- Жұдырығы қолағаштай
- Жас емендей
- Жарқ еткен найзағайдай /қимылы/, /көз жанары/
- Екі иығы қақпақтай
- Күзен бел
- Қаршығадай алғыр кескінді
- Қаршығадай бойы бар
- Қаршыға көз
- Қас батырдың пішіні
- Қапсағай денелі
- Қызылшыл қырандай
- Лашын құстай түйілген
- Мұрты қияқтай
- Найзағайдың отындай жарқылдаған /қимыл/
- От шашқан өткір көз
- Тауда өскен қарағайдай /бойы /

Сыйықсыз келбет

- Атан түйедей өңкиген
- Бас терісі келіспеген

- Денесінен // құлағынан күн көрінетін
- Жалақ ерін
- Жіпсік көз
- Ит кемірген асықтай
- Кебеже қарын
- Кескен томардай
- Түрген тайынша мұрынданған
- Қаба сақал
- Қабағы қалың
- Қу борбай
- Қырма сақал қырқылжың
- Шақша бас
- Ұры көз

7. ҰҚСАС-

- Аузынан түсіп қалғандай
- Бір судың тамшысындай
- Егіздің сыңарындай
- Сойып қаптап қойғандай

8. ҰҚСАМАУ –

- Айырмасы жер мен көктей
- Үш қайнаса сорпасы қосылмау

IX. Уақыт, кеңістік, өлшемге негізделген мағыналас фразеологизмдер

1.ТЕЗ, ШАПШАҢДЫҚ /іс, әрекет жағдайдың жылдамдығы туралы/ -

- Апшысын қуыру
- Ауыз жиғанша //жимай жатып// //жимай

- Аяқ астынан * /кенеттен/
- Аяқ қолы жерге тимеу
- Ә /а/ дегенше
- Әні-міне дегенше
- Әйт дегенде
- Әп сәттің арасында
- Бол-болдың астына алу*/асықтыру/
- Дем //сәтте// арасында
- Ел көшті, жау жетті*/асықтыру/
- Жоқ жерден
- Жұлдыздай //сынаптай// \оқтай\ ағу
- Жұлып алғандай
- Көз ілеспеу
- Көзді ашып жұмғанша* /кенеттен/
- Күтпеген жерден
- Кірпігін айқастырғанша
- Қабақ //кірпік// қаққанша* /кенеттен/
- Қабақ қақпай* /кенеттен/
- Қас қағымда
- Қас пен көздің арасында
- Қара құйындай /өте шығу/
- Қолды-аяққа тигізбеу
- Қолма - қол
- Лып еткізу
- Ойда жоқта
- Ойламаған жерден
- Салып ұрып
- Сол-ақ екен
- Сол сәтте //бойда// мезетте
- Тізгін ұшымен
- Үш ұйықтаса ойында жоқ /кенеттен/
- Ізі суымау
- Іле-шала

2.КЕНЕТТЕН /іс әрекет, оқиганың кенеттен болуы/-

- Ақай жоқ, тоқай жоқ
- Аяқ астынан
- Әй-шайға қарамау
- Жоқ жерден
- Күтпеген жерден
- Ойда жоқта
- Ойламаған жерден
- Сайтанның сапалағындай сап ете қалу
- Сау /сап ете түсу //қалу/
- Тілге келмеу*/өліп кету/
- Төбеден түскендей
- Үш ұйықтаса ойында жоқ

3.СӘТІ ТҮСУ –

- Абырой болғанда
- Зәуімен келу
- Құланның қасынуына мылтықтың басылуы
- Сұрағанға тілеген
- Іздегенге сұраған

4.КҮНІ БОЙЫ–

- Ертеден қара кешке дейін
- Күн ұзақ
- Ұзынды күн

5. ЖАҚЫН ЖЕР /салыстырмалы ара қашықтық /-

- Бөрік тастам жер
- Бір қадам
- Иек артым жер
- Иек астында
- Қамшы салым жер
- Қарға адым жер

- Қарыс аттам жер
- Қозы көгеніндей жер
- Қол созым
- Оқ жетер жер
- Сідік шаптырым жер /дәрекі/
- Таяқ тастам жер

6. АЛЫС ЖЕР /салыстырмалы қашықтық/-

- Айшылық жер
- Адам аяғы баспаған
- Жер мен көктің арасындай
- Жер мойны қашық
- Жер түбі
- Жеті дарияның ар жағы
- Жеті кабат жер асты
- Жеті кабат тау үсті
- Жеті қырдың асты
- Ит арқасы қиянда
- Ит жеккен жер
- Ит өлген жер
- Көз көрмес, құлақ естімес жер
- Қиыр шет
- Қиырдың қиыры
- Су аяғы құрдым
- Түйенің тұяғы /түскен/ түсетін жер

7. ҚАЛЫҢ –

- Адам аяғы баспаған жер* /қашықтық/
- Адам өтпес, аң өтпес
- Ат құлағы көрінбеу
- Ит тұмсығы батпайтын жер

8. ТЫНЫШТЫҚ /сәті/-

- Аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтату
- Құлаққа ұрған танадай
- Сілтідей тыну
- Тырс етпеу
- Шыбынның ұшқаны естіліп тұру

9.ТУҒАН ЖЕР-

- Ата мекен
 - Кіндік кесіп, кір жуған жер
 - Кіндік қаны тамған жер
 - Қара орман

10.ДАЛА-

- Байтақ дала
 - Елсіз құла дүз
 - Ен дала
 - Қу медиен дала
 - Құлазыған қу дала
 - Құлан жортпас қу дала
 - Мидай дала

11. БИІКТІК

-

- Аспанмен таласу
- Көкпен тілдесу
- Тақия жерге түспеу*/тар жер/
- Шырқау биік

12.АЗАЮ, ТАУСЫЛУ-

- Жер теңгедей, аспан тебінгідей болғанда /фольклор/
- Темір етікпен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда /фольклор/

13. ӨТЕ КӨП, МОЛ /заттың көптігі/-

- Ат көпір
- Аузы мұрнынан шығу
- Аяқ алып жүргісіз
- Бықып жату
- Бырдай болып жату
- Есеп жоқ
- Жыртылып айырылу
- Иттен де көп
- Құмырсақдай құжынау

14. ОРЫН ЖОҚ/ тар жер/-

- Ине шаншар жер жоқ
- Қан базар */ығы-жығы, адамның көптігі/*
- Тастаған тақия жерге түспеу

15. КӨП (адам, әскер) -

- Жер қайысу
- Қара нөпір
- Қара құрымдай /қаптау/
- Қисабына көз жетпеу
- Қисап жоқ*/көп/
- Құмырсақдай қаптау
- Самсаған сары қол

16. КЕҢ МОЛ /салыстыру/-

- Жерден пішіп алғандай
- Молдан ойып алғандай

17. АЗ-

- Ат төбеліндей
- Бір түйір
- Бір уыс

- Бір шайнам
- Бір үзім
- Жоқтың қасы
- Жұмырына жұқ болмау /*тамақ*/
- Қасқалдақтың қанындай */*тапшы зат*/
- Саусақпен санарлықтай

18. ҚЫМБАТ-

- Атасының құнын сұрау
- Бағасы аспандап тұру
- Бағасы удай
- Бағасы күйіп тұру

19. АРЗАН-

- Айтуға тұрмау
- Арзан алдап соғар
- Арзанның бояуы тез оңар
- Бес тиынға тұрмау
- Жілігі татымау
- Жылап кету
- Су тегін

20. КЕШКІ УАҚЫТ, ЫМЫРТ-

- Ақ пен қызыл арасында
- Апақ- сапақта
- Екі кештің арасында
- Ел орынға отыра
- Кешкі зауал шақ
- Көз байланар, байланбаста
- Көз байланған кез
- Күн ұясына кіру /кірерде/
- Қара көлеңке
- Қараңғы түсу

- Қас қарайғанда
- Қызыл іңірде
- Шам жамырау
- Ымырт қараңғысы
- Ымырт жабылу
- Іңір қараңғылығында

21. ҚАРАҢҒЫ ТҮН-

- Ай қараңғы
- Жеті қараңғы түн
- Көзге түртсе көрінбейтін
- Көрдей қараңғы

22. ТАҢ АТУ-

- Ала таңда
- Құлқын сәріде
- Таң алагеуімде
- Таң ата
- Таң белдеуленіп атып келе жатқанда
- Таң бозарғанда
- Таң /білінерде/ білінербілінбесте
- Таң құлан иектенгенде
- Таң қылаң бергенде
- Таң сазарып атқанда/сарғайғанда/
- Таң сәріде
- Құлқын сәріде
- Таң сыз/саз/ бергенде

Х. Тамақ, киім, денсаулыққа байланысты мағыналас фразеологизмдер

1. ТАМАҚ /*дәмі*/-

- Ауыздан дәмі кетпеу
- Дәмі жоқ, татымы жоқ
- Су тату
- Сылдыр су
- Таңдайды жұлып бара жату
- Тілді суырып әкету
- Ішіп жалағандай (*дәмді етіп әзірлеу*)

2.ТАМАҚ ІШЕ АЛМАУ –

- Аш өзегіне түсу
- Тамағынан ас өтпеу
- Тамаққа зауқы жоқ
- Тамақтан қалу*/*ауырғанда/*
- Тәбеті шаппау

3.ҚАТТЫ ТОЮ –

- Аузы-мұрнынан шыққанша жеу
- Аузы тамақтан босамау
- Аузы тыным таппау*/*көп сөйлей беру /*
- Кекірігі азу
- Кекірігі ату
- Қарны сыздау
- Қарны шеңбірек ату
- Лық тою
- Сылқия тою
- Сыпыра соғу
- Ықылық ату

4.ТОЙМАУ, АЗ –

- Араны ашылу

- Аузы жарымау
- Аш құрсақ
- Битін салып жеу /әзіл/
- Жалаң (-к) қағу
- Қарнына //жұмырына// жұқ болмау

5.ТАМАҚ ІШУ –

- Аузының дәмін алып жеу /сүйсіну/
- Жүрек жалғау
- Жыланның басын қайыру
- Ішіне //ауылға// ел қону /қондыру/

6.АШ –

- Аузына бұдыр // бүдір/ салмау (ештеңе салмау, жемеу)
- Аузына дәм алмау
- Аш құрсақ жүру
- Аш өзек
- Дым татпау
- Жақ айқастырмау
- Жел өбу
- Жүрегі қараю
- Жүрегі сазу
- Қарны қабысу
- Нәр сызбау
- Оразасын ашпау
- Өзегі талу
- Іші ит жалағандай болу*/өкініш/
- Іші ұлу
- Ішегі шұрқырау

7. АРЫҚ /адамға, малға қатысты/ -

- Арқа еті арша, борша еті борша болу
- Арса-арсасы шығу
- Етке шықпау /*малға қаратып айтылады*/
- Жағы суалу
- Жағына пышақ жанығандай
- Жілік майы таусылу /татымау/
- Ине жұтқан иттей /*малға қатысты*/
- Инеге шаншар еті жоқ
- Инеліктей қатқан
- Көк бақа /*мал*/
- Қабырғасы ырсию
- Қабырғасынан күн көріну
- Қатпа қара
- Қоң еті таю
- Құлағынан тартып тұрғызғандай
- Құм жілік болу
- Құр сүйегі // сүлдері/ қалу
- Қырып алар (аларға) қызыл жоқ /*мал*/
- Мойнынан жалы кету /*мал*/
- Тарамысына іліну
- Терісі тарамысына іліну
- Ши борбай /арық адам/ /*менсінбеу*/
- Шыр бітпеу

8. ЖАҢА КИІМ КИЮ –

- Бір киер
- Ине-жіптен жаңа шыққан
- Судай //су// жаңа
- Өңі түзу //бүтін//
- Шыттай //мұздай/ киіну
- Іліп алар
- **Ескі киім-**
- Қырық жамау
- Өңі түскен

9. ЖҮДЕУ –

- Арқасы пышақтай
- Қан жоқ, сөл жоқ
- Қан сөлден айырылу
- Қаны кашу
- Қасық қаны жоқ
- Құлағынан күн көріну
- Құр шыбыны //жаны// ғана бар
- Мойны ырғайдай, биті торғадай /фольклор/
- Өңі жүдеу //сынық//
- Сүзектен тұрғандай
- Ыңыршағы шығу

10. АУРУ –

- Айналдырған ауру (*ұзаққа созылған*)
- Басы ауырып, балтыры сыздау
- Өкпесін сүйретіп жүру /*емделмей жүре беру*/
- Сары жамбас болу (*ұзақ ауру*)

11. АУРУДАН ЖАЗЫЛУ –

- Аурудың беті бері қарау
- Ауырып тұрдың, аунап тұрдың! /*жұбату, көңілін аулау*/
- Аяғына міну
- Әбден сауығу
- Құлан таза айығу
- Сақайып кету

12. СЕМІЗДІК –

- Басы табақтай, қарны қабақтай /*дөрекі*/
- Бес биенің сабасындай /*жақтырмау, дөрекі*/
- Жардай болып семіру /*жақтырмау*/

- Май басу /жақтырмау/
- Үрген қарындай /әжуа/

13. ДЕНСАУЛЫҚ –

- Ағы ақ, қызылы қызыл
- Аяқ-қолы балғадай /сүйсіну/
- Беті шикандай /қызыл/
- Екі бетінен қаны тамған
- Екі иығына екі кісі мінгендей/сүйсіну
- Нарттай қызыл

14. ЖЫҒЫЛУ (КЕНЕТ), АУЫРЫП ҚАЛУ -

- Баудай құлау //түсу// /бірінен соң бірі ауру/
- Жалп ету
- Күрт құлау
- Қалпақтай ұшу //түсу/
- Мұрттай түсу //ұшу/
- Сылқ ете түсу

XI. Табиғат құбылыстары, ауа райына қатысты жасалған мағыналас фразеологизмдер

1.ЫСТЫҚ КҮН -

- Аспан айналып жерге түскендей
- Аспан аптап, күн шыжу
- Құс қанаты күйгендей
- Қырық күн шілде /жаздың ең ыстық күндері/
- Ми қайнатар ыстық

2.БОРАН -

- Ақ боран
- Ақ түтек боран
- Ақ түтек үскірік
- Алай-түлей боран
- Қара боран
- Тас боран
- Шұнақ боран

3.СУЫҚ , АЯЗ-

- Ақ қар көк мұз
- Қызыл шұнақ сары аяз
- Қыстың /қыс/ көзі қырау /да/
- Сақылдаған сары аяз
- Сары //шұнақ// аяз
- Тұу деген түкірігі жерге түспеу*/менмен, өктемдік/

ХІІ. Тілек-бата, ырым, садақаға байланысты айтылатын мағыналас фразеологизмдер

1.ҚҰДАЙҒА ЖАЛБАРАНУ ТҮРЛЕРІ –

- Алла сақтасын!
- Жаратқан жаппар құдай!
- Жасаған ием!
- Қорасанға қой айту
- Құдай басқа салмасын
- Құдай бермесен де, бергеніңді алма!
- Құдай бетін көрсетпесін
- Құдай қаласа!
- Құдай қуат берсін!
- Құдай сақтасын!
- Құдайдан мойнына бұршақ салып сұрап //тілеп// алу/ *перзентсіз болғанда /*
- Құдайдан қайтсын!

2.САДАҚА –

- Жеті нан құдайы
- Жеті тиын садақа
- Құдайға ақ сарбасын айту

3. ТІЛЕК ТІЛЕУ /түрлері/-

- Ақ пұш! Ақ сиырдың сүтін іш! /кісі түшкіргенде айтылады/ /әзіл/
- Ақ қас! Жәрекім алла, жарылқай гөр! / түшкіргенде айтылады/
- Ата бабаңның аруағы қолдасын!
- Бағы жансын !
- Бергенінен жазбасын!
- Жұптарың жазылмасын! /жаңа отау тіккендерге/
- Игілігіңе ки! /жаңа киім кигенде/
- Игілігіңе ұста!/тұт/, /жұмса/ /жаңа зат алғанда/
- Көш көлікті болсын!/көшкен кезде/
- Күні көкте жүзсін!
- Қосағыңмен қоса ағар! /үйленгендерге/
- Құрбандығың қабыл болсын! /рамазан кезінде айтылатын тілек/
- Қырман қызылды болсын! /егін орып, қырман бастырғанда айтылады/
- Қырман тасысын!
- Қырқар көбейсін! (қой қырыққанда айтылатын тілек)
- Ораққа береке берсін!
- Өзің киіп, өзің тоздыр! /жаңа киім кигенде айтылатын тілек/
- Өзің тоба, кимің тозсын! /жаңа киім кигенде/
- Өмірің озғақ, киімің тозғақ болсын! /жаңа киім кигенде/
- Саудаңыз күсет болсын! (Саудасы жақсы жүрсін деген тілек)

4. БАТА /түрлері/-

- Ата бабаңның аруағы қолдасын!
- Бергенінен жазбасын!
- Жасыңа жас, басына бас қосылсын! /наурыз батасы/

- Жұбың жазылмасын! / жаңа отау тіккендерге/

5. ЖОЛАУШЫ ҮШІН –

- Жолдасың қыдыр / қызыр/ болсын!
- Жолын оңғара гөр!
- Жолынан жарылқасын!
- Жолы /н/ болсын!
- Жолың (сапарың) оң болсын!
- Жолыңа гүл бітсін!
- Жортқанда жолың болсын!

ХІІІ. Еңбек, өмір, тағдыр, дүние туралы айтылатын мағыналас фразеологизмдер

1.ЕҢБЕГІ ЕШ БОЛУ –

- Босқа бейнет ету
- Еңбегі //істегені// далаға кету
- Желге кету
- Зая кету
- Құмға сіңген судай
- Құр босқа кету
- Құр далаға кету
- Күйіп кету

2.ӨМІР /ДҮНИЕ-

- Бар ғалам
- Бес күндік дүние /көне/
- Дүние қолдың кірі
- Дүниенің төрт бұрышы /көне/
- Жер жаһан (жүзі)
- Он сегіз мың ғалам /көне/
- Опасыз дүние /поэтикалық/
- Санаулы күн

- Сегіз қиыр шартарап */көне/*
- Сұм жалған */кітаби, поэтикалық/*

3.ЖЕҢІЛ, ЖАҚСЫ ӨМІР СҮРУ –

- Жамбасының астынан жеп жату
- Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен
- Жіліктің майлы басын ұстау */кітаби/*
- Қолын жылы суға малу
- Майдай жұғып, судай сіңу
- Сайран салу
- Ішкені алдында, ішпегені артында

4.ТАҒДЫР

- Маңдайына жазғанын көру
- Пешенесінен көру
- Тағдырдың жазғаны */салғаны/*
- Тағдырдың уын ішу */поэтикалық/*

5.АҚША

- Ақша бізде көп емес, керегінде жоқ емес,
Келедеі де кетеді, керегіне жетеді
- Ақша сөйлеген заман
- Ақша – су
- Ақша – тілмаш
- Ақша шашу/*көп жұмсау д.м./*
- Ақшаға шайтан да қызмет етер
- Ақшаның жүгені жоқ
- Ақшаң болса қалтаңда, базарға барып талдаңда
- Ақшаң болса қалтаңда, қызмет етер сайтан да
- Тиын-тебен тілсіз-ақ жол табар
- Шіркін ақша, жерде жатса

14. Отбасы, үйлену, туыс, дос, жолдас туралы айтылатын мағыналас фразеологизмдер

1.ЖАҚЫНЫ, ТУЫСЫ –

- Екі көзінің ағы мен қарасы
- Екі туып, бір қалғаны
- Ет /-ене/ жақын /*туысы*/
- Жан -/р дегенде жалғызы*/*жалғыз бала*/
- Көзінің ағы мен қарасындай
- Көңіл жетер ағайын
- Қаны бір
- Туыс-жегжат

2.ПЕРЗЕНТ –

- Бір жаманы бар /*табу,эвфемизм*/
- Жар -/н дегенде жалғызы*/*жалғыз бала*/
- Киімді бала /асырап алған/
- Көзінің ағы мен қарасы
- Құдайдан сұрап алған жалғызы /*жаманы*/
- Өзегін жарып шыққан
- Іштен шыққан шұбар жылан /*жағымсыз жағдайда қимастықпен айтылады*/

3.ТҰҢҒЫШ БАЛА –

- Көзін ашып көргені, аузын ашып сүйгені /*поэт*/
- Отының алды, суының тұнығы
- Тұла бойы тұңғышы

4.ҮЙЛЕНУ –

Ұлға-

- Аяғын шырмау
- Әйел /қатын/ алу
- Қолына қондыру
- Құсын қондыру
- Қыз айттыру
- Қыз алып қашу

Қызға-

- Басы байлаулы /бала кезінен айттырып қою/
- Біреудің етегінен ұстау
- Күйеуге шығу /тию/
- Қолдан беру /қызды ұзату/
- Оң жағына қондыру
- Тұрмыс құру
- Құтты қонысына қону
- Қызы қияға қону

екеуіне-

- Аяғына тұсау түсу
- Басын қусыру
- Бас құрау
- Бір түндік астында түтін түтету
- Бірге от жағып, түтін түтету
- Жар сүйю
- Көңіл қосу
- Отау тігу
- Ошақ құру
- Түтін түтету
- Үй болу

5.ОТБАСЫЛЫҚ –

- Қара қазан, сары бала
- От басы, ошақ қасы
- Үй іші

6.ТУҒАН-ТУЫСЫ БАР (АҒА, ІНІ)-

- Көңіл жетер ағайын
- Қанатымен ұшып, құйрығымен қону /поэт/
- Қарға жүнді қаттас, үйрек жүнді оттас
- Қу бауыр /қимастық көңілмен айтылады/
- Құйрық жалы бар /поэт/
- Құйысқаны берік /туыс, қолдаушысы көп/

7.ДОС –

- Жан аяспас
- Жан жолдас
- Көңіл қимас
- Көңіл сүйер
- Қыл өтпес
- Тонның ішкі бауындай
- Ыдыс-аяғы араласқан

8.ЖОЛДАС –

- Дәмдес-тұздас болу
- Үзеңгі //үзеңгілес// //дос// жолдас

9.ІШІМДІК ІШУ /маскүнемдік/–

- Ақылын ішу
- Алқаш болып кету
- Арақ құмар
- Атау кересін ішу
- Бөтелкемен жолдас болу /кітаби/
 - Жынды суға құмар болу /поэт./
 - Көк суға салыну
 - Көк шөлмектің мойнына міну
 - Қызып алу /жүру/
 - Маскүнемдікке салыну
 - Өңешін босату
 - Ішімдікке салыну

10.АРАҚ-ШАРАП ТУРАЛЫ

- Ақ жорға /поэт/
- Ақмағамбет

- Асу көк
- Жынды су
- Тентек су

Автор туралы мәлімет

Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызы Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Ғылыми зерттеу саласы: қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы, мәтінтану.

Ғылыми басылымдар:

1. Фразеологизмдердің варианттылығы (оқу құралы). Алматы, 1996ж. 7,0 б.т.(баспа табақ)
2. Қазақ тілі. Фразеологизмдер арқылы елтану (оқу құралы) Алматы, 1997ж. 9,5 б.т.(орыс тілінде).(серіктес автормен бірге)
3. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. (монография) Алматы, 1998. 12,6 п.л.
4. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. Алматы, 2002ж. 9,4 б.т.
5. Мәтін лингвистикасы. Алматы, 2002ж. 8,0 б.т.
6. Фразеологиялық калькалар (оқу құралы) Алматы, 2005ж. 7,6 б.т. (серіктес автормен бірге)
7. Шешендік сөздердің дискурсы. Оқу әдістемелік кешен. Алматы, 2005ж. 3,0 б.т.
8. Парсы және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің жүйесі (оқу құралы) Алматы, 2006ж. 9,0 б.т.(серіктес автормен бірге)
9. Көркем мәтін лингвистикасы (оқулық) Алматы, 2007ж. 10,0 б.т.

- 10.Шешендік сөздердің дискурсы (оқу құралы) Алматы, 2008.10 б.т. (серіктес автормен бірге)
- 11.Тіл білімінің тарландары Алматы, 2009, 12 б.т.
- 12.Фразеологизмдердің семантикалық категориялары. Алматы, 2009, 10 б.т.